



### ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровты туған күнімен құттықтап, бауырлас қырғыз халқының игілігі жолындағы жауапты мемлекеттік қызметіне толайым табыс тіледі.

Мемлекет басшысы Қырғызстан Президентінің екі ел арасындағы стратегиялық ынтымақтастық пен одақтастық байланыстарды нығайтуға қосқан зор үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді.

Әңгімелесу барысында президенттер екіжақты ықпалдастықтың даму қарқынын атап өтіп, жоғары деңгейдегі, соның ішінде Садыр Жапаровтың биылғы 18-19 сәуір күндері Қазақстанға ресми сапарының аясында қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылу барысын талқылады.

Достық пен тату көршілік рухында өрбіп келе жатқан мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайтуға ерекше назар аударылды.

### ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Стуббты Финляндияның Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Финляндияның Ұлттық мерекесіне орай Президент Александр Стуббка құттықтау жеделхатын жолдады.

Президент Финляндияның тұрақты әрі өркендеген қоғам құру жолында елеулі жетістікке жеткенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ынтымақтастықтың даму қарқынын жоғары бағалап, қазақ-фин өзара тиімді серіктестігінің одан әрі нығая беретініне сенім білдірді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Финляндия халқына бақ-береке тіледі.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Мемлекетіне жұмыс сапарымен барды.



Жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысы Power International Holding компаниясының иелері Муатаз Әл-Хаят пен Рамез Әл-Хаятты қабылдады. Әңгімелесу барысында елімізде энергетика, телекоммуникация салаларындағы ірі инвестициялық жобаларды іске асыру барысы қарастырылды.

Power International Holding (PIN) компаниясы Қашағанда газ өңдеу зауыттарын, Бейнеу – Бозой – Шымкент газ құбырының екінші желісін, сондай-ақ жана компрессор станциясы мен Ақтөбе – Қостанай магистральді газ құбырын салуға қатысады. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жобалар еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға елеулі үлес қосатынына назар аударды.

РІН Директорлар кеңесінің төрағасы Муатаз Әл-Хаят қазақ тарапымен телекоммуникация, энергетика салаларындағы инвестициялық жобалар бойынша түбегейлі келісімге келгенін айтып, аталған бағыттағы

жұмысты жүзеге асыру жоспарын таныстырды.

Сонымен қатар компания қазір Қызылорда облысында бу-газ қондырғысын салу және облысаралық электр желілерін тарту жобалары бойынша келіссөз жүргізіп жатыр. Бұдан бөлек, Қатар конгломератының басшылары жасанды интеллект бағытында бірлескен бастамаларды қолға алуға дайын екенін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Үкіметі тарапынан қатарлық инвесторға қолайлы жағдай жасалатынын растап, барлық жұмысты жоғары стандарттарға сай нәтижелі орындаудың маңызын атап өтті.

Сондай-ақ сапар кезінде Мемлекет басшысы Nebras Power компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Мұхаммед Нассер Әл-Хаджриді қабылдады. Кездесуде жанарғылау энергия көздері саласындағы инвестициялық ынтымақтастықтың перспективалары талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев таяуда Nebras Power компаниясы мен «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының арасында Семей ГЭС-інің құрылысына қатысты келісімге қол қойылғанын құптады. Станциясының қуаттылығы 300 мегаватт болады. Президент бұл жобаның Астана мен Доханың ұзақмерзімді стратегиялық серіктестігін нығайтудағы рөлін жоғары бағалады. Аталған бастаманы табысты жүзеге асыру үшін Қазақстан Үкіметінің жан-жақты қолдау көрсететінін растады.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз 2030 жылға қарай энергия балансындағы жанарғылатын қуат көздерінің үлесін 15 пайызға дейін арттыруға ниетті.

Мұхаммед Нассер Әл-Хаджри Қасым-Жомарт Тоқаевқа бірлескен жобаны іске асырудың негізгі кезеңдері жөнінде мәлімет беріп, «жасыл» энергетика саласындағы Қазақстанның әлеуеті зор екенін айтты.

### МӘСЕЛЕ

## ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕДЕ ҚАРЫЗ КҮЛІП ҚАЙТАДЫ

2024 жыл «цифрлық теңгені» енгізуде серпін жасалған жыл ретінде тарихта қалуы мүмкін. Оны енгізу ұзақ жыл жыр болды. 2021 жылы Ұлттық банк қаржы нарығы қатысушыларымен бірге «Цифрлық теңге» пилоттық жобасын жүзеге асырып көрді.

Алайда жұртшылық кілең саннан тұратын ұлттық валютаны сол бойы көрмеді. Ал биыл мемлекет ың-шыңсыз, тыптыныш қана цифрлық теңгені енгізіп отыр. Ол алдымен Үкіметтің қосылған құн салығы бойынша отандық экспорттаушылар алдындағы көп миллиардтық қарызын өтеуге қызмет етпек.

(Жалғасы 4-бетте)

### ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ДАСТАРҚАННАН БАСТАЛАДЫ

Қазақстанның азық-түлік тауарларын өндірушілері пұшайман хал кешуде. Өйткені жергілікті өнімдерді импорт тықсырып барады. Оған азық-түлік ритейліндегі монополистер ықпал етуде.



→ 5

### «ЖАСЫЛ» ЭНЕРГИЯНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫ КӨП

Қытайдың қоғамдық дипломатия қауымдастығы бастаған 100-ден астам шетелдік БАҚ өкілдеріне арналған СІРСС бағдарламасы аясында Қытайдағы SANY Renewable Energy компаниясымен таныстық.



→ 15



7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ



## ӨНІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ – МАҢЫЗДЫ БАСЫМДЫҚ

Сенатта азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне арналған парламенттік тыңдау өтті. Онда қатысушылар саланы дамытуға қатысты өзекті түйткілдерді талқылады. Сондай-ақ олар өздерінің ұсыныстарын білдіріп, мүдделі тараптармен алдағы бірлескен жұмыстың басым бағыттарын белгіледі.

Тыңдау барысында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің алдында тұрған стратегиялық міндеттердің бірі екені айтылды. Қазір Қазақстан егістік жерлер мен жайылымдар бойынша әлемде 6-орын алады. Сондай-ақ еліміз бидай экспорттаушы мемлекеттердің алғашқы ондығына және ұн экспорты бойынша көшбасшылар қатарына кіреді.

Осы ретте соңғы бес жылда ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 2 есеге жуық өскенін атап өткен жөн. Тамақ өнімдерін өндіру саласы да дәйекті түрде дамып келеді. Бұл бағыт өңдеу өнеркәсібінің шамамен 14 пайызын құрайды. Мәулен Әшімбаев атап өткендей, айтарлықтай әлеуетіміз бола тұра еліміздің ауыл шаруашылығы саласында түйіні тарқатылмаған түйткілдер аз емес.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2028 жылы елімізде өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесін 70 пайызға дейін жеткізуді міндет етіп жүктеді. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында Мемлекет басшысы аграрлық саланы одан әрі дамытудың стратегиялық бағыттарын да белгілеп берді. Шын мәнінде, бұл саладағы әлеуетіміз зор екені белгілі. Алайда осындай артықшылықтарға қарамастан, бүгінде ауыл шаруашылығы секторында бірқатар өзекті мәселе бар», – деді Сенат Төрағасы.

Палата Спикерінің айтуынша, өнімділікті арттыру – аталған саланың маңызды басымдықтарының бірі.

Жалпы, ауыл шаруашылығының дамуына тұсау болып отырған кедергілердің қатарында техникалық жабдықтаудың жеткіліксіздігі, заманауи инновациялық технологияларды тиісті деңгейде пайдаланбау, тұрақты өткізу нарықтарының болмауы, агроғылымның кенжелеп калуы сияқты өзекті мәселелер бар. Сондықтан проблемаларды оңтайлы шешіп, аграрлық сектордағы жағдайды жақсарту үшін мемлекеттің, бизнестің және ғылымның кешенді тәсілі мен бірлескен күш-жігері қажет.

«Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу саласын субсидиялау және агросекторды қаржыландырудың тиімді тектіктерін қалыптастыру керек. Сондай-ақ тұрақты өткізу нарықтарын қамтамасыз ету, дәстүрлі нарықтарымыздағы позициямызды сақтап, оны одан әрі нығайту, азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру және агроғылымды дамыту мәселелеріне де баса мән берген жөн. Алдымызда осындай ауқымды міндеттер тұр. Сондықтан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған тың әрі тиімді шешімдер әзірлеудің маңызы зор. Бұл жұмыстар мүдделі тараптардың кешенді және бірлескен күш-жігерін талап етеді», – деп, Мәулен Әшімбаев Парламент аталған бағыттағы жаңа бастамаларға заңнамалық тұрғыдан қолдау көрсетуді әрі қарай да жалғастыра беретінін айтты.

Парламенттік тыңдауда сенаторлар ғалымдармен, сарапшылармен, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар және бизнес өкілдерімен бірлесіп, қолжетімді азық-түлік жүйесін қалыптастыруға қатысты мәселелерді талқылады. Қоғамдық тамақтану орындарында, әсіресе мектеп асханаларында азық-түліктің сапасы мен қауіпсіздігіне, азық-түлік бағасының қолжетімділігіне және жеткізу саласындағы өңірлердегі теңгерімсіздіктерді жоюға қатысты түйткілдерге де ерекше назар аударылды.

Іс-шараға қатысушылар отандық өнім үлесін ұлғайтудың, импортқа тәуелділікті төмендетудің және жергілікті өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызына айрықша тоқталды. Қазір азық-түлік қауіпсіздігі азық-түліктің физикалық қолжетімділігін ғана емес, оны сатып алудың экономикалық мүмкіндігін, жеткізудің тұрақтылығын және тиімді пайдалану мәселелерін де қамтитыны айтылды. Климаттың өзгеруі, экономикалық тұрақсыздық және халық санының өсуі сияқты жаһандық сын-қатерлер жағдайында азық-түлік қауіпсіздігі орнықты

даму мен әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі элементіне айналып отырғаны да сөз болды.

Сарапшылар мен мемлекеттік органдардың өкілдері жергілікті өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды екеніне баса мән берді. Сондай-ақ талқылау кезінде жеке инвестицияларды тарту, ауыл шаруашылығы өндірісін жаңғырту және тұрақты өткізу нарықтарын қамтамасыз ету арқылы ғана азық-түлік қауіпсіздігі саласында елеулі табыстарға қол жеткізуге болатыны айтылды.

Іс-шарада Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Денсаулық сақтау министрлігінің, Сауда және интеграция министрлігінің өкілдері, БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) Еуропа мен Орталық Азиядағы өңірлік бөлімшесінің азық-түлік қауіпсіздігі және тамақтану жөніндегі сарапшысы Анико Немет, Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының, KazFoodProducts агроөнеркәсіптік холдингінің басшылық өкілдері және тағы басқа қатысушылар баяндама жасады. Тыңдау кезінде айтылған барлық ұсыныс зерделеніп, арнайы әзірленетін ұсынымдарға енгізіліп, Үкіметке жолданады.

Парламенттік тыңдау аясында ұйымдастырылған көрмеде ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу және органикалық егіншілік саласындағы озық үлгілер көпшілік назарына ұсынылды. Айта кетейік, бүгінде Ұлттық аграрлық-ғылыми орталық ғылыми шешімдерді енгізу бағытында белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Қазақстанда 2015 жылдан бастап өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын және қайта өңдеуді қамтитын 686 ғылыми әзірлеме дайындалған. АӨК-ті цифрландыру аясында мал шаруашылығында, егіншілікте, өсімдіктерді қорғау бағыттарында есепке алу, мониторинг жүргізу және шешім қабылдау жүйесі де әзірленгенін атап өткен жөн.

Мерей ЖАСЫН

## ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ЖЕТІЛДІРЕТІН ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Депутаттарға Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасы төрағасының ауыл шаруашылығын субсидиялауға бөлінген мемлекет қаражатын пайдаланудың тиімділігі жөніндегі есебін тыңдау ұсынылады. Аудит Ауыл шаруашылығы министрлігінде және оның Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарындағы аумақтық бөлімшелерінде жүргізілді.

Сонымен қатар Мәжіліс бірінші оқылымда құрылыс саласын жетілдіру және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын қарайтын болады. Құжат Мәжіліс депутаттарының бастамасымен әзірленген және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шарттарын электронды түрде жасау мүмкіндігін қарастырады. Сондай-ақ үлестік қатысу шарттарын жергілікті атқарушы органда бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы міндетті түрде тіркеу нормалары ұсынылады.

Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар үлескерлерге тұрғын үй құрылысы бойынша кеңес беруді қолдайтын орталық құру жөніндегі түзетулерді енгізді. Бұдан бөлек, алдын ала шарттарды брондау, инвестициялау шарттарын жасасуға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органнан үлескерлердің қаражатын тартуға рұқсат алынбаған және тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының кепілдігінсіз салынып жатқан үйлердің жарнамасына тыйым салу ұсынылады.

## АЛМАТЫ – ЕҢ ЛАС ҚАЛАЛАР ТІЗІМІНДЕ

5 желтоқсаннан бастап Алматы «Әлемдегі ең ластанған ірі қалалар» тізіміне ресми түрде қосылды. Бұл рейтингті Швейцарияның IQAir халықаралық компаниясы жүргізеді.

Сол күні Алматы ТОП-10 қатарына еніп, сағат 17:00-де 5-орынға көтерілді. Шаһар Карачи, Бағдат, Шанхай және Бішкек сияқты мегаполистермен бір қатарда тұр. Бесінші орында болған сәтте Алматыдағы орташа AQI (Ауа сапасының индексі) көрсеткіші 169 болды, бұл деңгей «денсаулыққа зиянды» деп саналады.

Енді алматылықтар қаладағы ауа сапасын әлемнің басқа ірі қалаларымен салыстыра алады.

Ірі қалалардың рейтингі шамамен 120 ірі әрі танымал мегаполисті қамтиды. Қалалар Ауа сапасының индексі (AQI) бойынша бағаланады. Бұл көрсеткіш мемлекеттік органдар, зерттеу институттары, үкіметтік емес ұйымдар, компаниялар және еріктілер басқаратын мыңдаған мониторинг стансалары мен датчиктерден жиналған мәліметтер негізінде есептеледі. Рейтинг сағат сайын жаңарып отырады, бұл ауа сапасындағы өзгерістерді нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

Рейтингтің мақсаты – әлемдегі ірі қалалардың ауа сапасын қарапайым әрі түсінікті түрде көрсету. Бұл ормандардағы өрттер, биомассаның жануы, өндірістік белсенділік, құмды дауылдар және ауа райы жағдайларының ауаның ластануына әсерін айқындауға көмектеседі.



# ТҰРҒЫНДАРДЫ ТОЛҒАНДЫРҒАН МӘСЕЛЕ КӨП

Алматы облыстық мәслихатындағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының кезекті жиналысы өтті. Отырыста партияның сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылу барысы мен алда тұрған міндеттер талқыланды.

Алматы облысы бойынша «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған бағдарламасы әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай ықпал етті. Қазірдің өзінде экономиканың барлық негізгі салаларында айтарлықтай жетістіктер бар. Облыс әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергенов атап өткендей, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс және әлеуметтік салада оң динамика байқалуда.

2024 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша, облыс экономикасында өнеркәсіп өндірісі 106,4%-ға, сауда саласы 109,5%-ға, құрылыс саласы 123%-ға өскен. Сонымен қатар аймаққа тартылған инвестиция көлемі 23,8%-ға артты. Бұл көрсеткіштер Алматы облысының республика бойынша экономикалық даму көрсеткіштері арасында алдыңғы қатарда екенін көрсетеді.

Дегенмен фракция жиналысында орындалмаған немесе уақытылы аяқталмаған жобалар туралы да сөз болды. Бірқатар білім беру және инфрақұрылым нысандарының құрылысы мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқталмай қалғаны аталып өтті. Мәселен, фракция мүшесі Гүлнәр Құраметова биыл өңірде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салыну керек болған 24 мектептің құрылысы жайлы мәселені көтерді.

«Біз мектеп құрылысын жоспарлағанда тек қабырғаларын тұрғызуды ғана ойламауымыз керек. Әрбір бала сапалы білім алуға құқылы. Ал үш ауысымда оқу атаналарға, мұғалімдерге және оқушыларға үлкен салмақ. Талғар, Жамбыл, Іле, Еңбекшіқазақ және Қарасай аудандарындағы 14 мектептің құрылысы 2024 жылы аяқталады деп күтілген еді. Енді бұл мерзім 2025 жылға шегеріліп отыр. Бұл халықтың сенімін түсіреді. Жобалар уақытылы әрі сапалы аяқталуға тиіс. Не себепті келер жылға ауысты?» — деп сауалын қойды.

Құрылыс басқармасының басшысы Мұхамедғарип Құрманғалиев республикалық бюджетке енгізілген түзетулерге байланысты 15 нысанның құрылысы келесі жылға шегерілгенін айтты.

«Бұл шешім қаржыландыру көлемінің азаюына сәйкес қабылданды. Қазіргі уақытта 26 мектептің құрылысы жалғасуда, оның ішінде 8 мектепте инженерлік желілер толық жүргізілген. Қыркүйек-қараша айларында 5 мектеп пайдалануға берілді. Ал желтоқсан айында тағы 6 мектептің ашылуы жоспарланған», — деді басқарма басшысы.

Ал фракция мүшесі Сұлтан Нұрдәулетов ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған орталықтарының ашылу барысына



қатысты сауал қойды. Оның айтуынша, Ұйғыр ауданында жоспарланған мұндай орталық әлі күнге ашылмаған.

«Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған орталықтарды ашу партияның сайлауалды бағдарламасында нақты көрсетілген. Алайда Ұйғыр ауданында ашылуы тиіс орталықтың мәселесі әлі де шешілмей келеді. Бұл халықтың ерекше топтарына жасалуға тиіс әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігін көрсетеді», — деді ол.

Бұл сауалға Алматы облысының Жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысының орынбасары Ержан Байқоныс жауап берді.

«Биыл маусым айында Ұйғыр ауданында мүгедектігі бар 40 балаға арналған орталық ашылды. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Денсаулық зор байлық» мүгедектер қоғамдық бірлестігі жартылай стационар жағдайында мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді. Қазіргі уақытта 32 бала осы орталықтан тек күндіз қызмет алуға», —

деп мәлімдеді басқарма басшысының орынбасары Ержан Байқоныс.

Сондай-ақ фракция мүшесі Махаббат Бигельдиев «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы аясында жоспарланған 6 мәдениет үйінің құрылысы жүзеге асырылмағанын сынға алды.

«Қарасай, Еңбекшіқазақ және Талғар аудандарындағы мәдениет үйлері биыл салынып, пайдалануға берілуі керек еді. Алайда бұл нысандардың құрылысы мүлдем басталмаған. Ауыл тұрғындары үшін бұл мәдениет үйлері — тек бос уақытты өткізу орны ғана емес, шығармашылықпен айналысу және мәдени шаралар ұйымдастырудың негізгі орталығы. Осы нысандарды іске асыру халық үшін өте маңызды және олардың құрылысын бастау — біздің басты міндетіміз», — деді ол.

Бұл сауалға Алматы облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмаров жауап берді. Оның мәлімдеуінше, Еңбекшіқазақ ауданының Бәйтерек, Қызылшарық және Қайыпов ауылдарында

мәдениет үйлерін салуға қажетті құжаттар әзірленген, бірақ олардың мерзімі аяқталып, қайта қарау қажет. Қарасай ауданының Жібек жолы ауылында құрылыс жұмыстарына бюджеттік өтім берілген. Ал Талғар ауданының Жаңалық ауылында жер бөлініп, құжаттарды әзірлеуге қаржы сұралғанымен, әлі қаражат бөлінбеген.

Жиналыс соңында Алматы облыстық мәслихатының төрағасы, партияның облыстық филиал төрағасы Қуат Байғоджаев партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асырудың маңыздылығын ерекше атап өтті.


«Партияның сайлауалды міндеттемелері өңір халқының өмір сапасы мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Оларды уақытылы әрі сапалы орындау — біздің басты міндетіміз. Әрине, орындалмаған тармақтардың көпшілігі бюджет тапшылығына байланысты. Дегенмен қаражат бөлінген нысандардың өзінде тиісті бақылаудың жоқтығы үлкен мәселе болып отыр. Мұндай жағдай қайталанбауы керек. Біз халықтың сенімін ақтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауымыз қажет», — деді Қуат Байғоджаев.

Сондай-ақ ол фракция мүшелеріне проблемалық мәселелерді жедел шешу үшін тиісті басқармалармен тығыз байланыста жұмыс істеуді және олардың қызметін қатаң бақылауды тапсырды.

Жиналыста көтерілген мәселелер бойынша қосымша сұраныстар жолданатыны және олардың орындалу барысы фракция мүшелерінің ерекше бақылауында болатыны айтылды.



## «ТАЗА БЕЙСЕНБІ» ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында «AMANAT» партиясының ұйымдастыруымен өтетін «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы еліміздің түкпір-түкпірінде жалғасып, қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға айрықша үлес қосуда.

Жетісу облысы Текелі қаласында акцияға қатысушылар Тәуелсіздік көшесін тұрмыстық қалдықтардан тазартып, 7 тонна қоқыс шығарды. Бұл игі іске қалалық мәслихат депутаттары, әкімдік өкілдері, «Шапағат» және «Кәсіпкер» бастауыш партия ұйымдарының мүшелері, сондай-ақ 50-ден астам белсенді қатысты.

«Таза Қазақстан» ұлттық жобасы аясында «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы бастау алғалы бері «AMANAT» партиясының Текелі қалалық филиалы белсенді атсалысуда. Текелі қаласына демалу мақсатында келетін туристер көп. Қала бойынша Қора, Шажа, Қаратал өзендерінің бойын қоқыстан тазарту жұмыстары жүргізілді. Жастар, төтенше жағ-

дайлар мекемесінің өкілдері, еріктілермен біріге отырып келген демалушыларға өздерінен қоқыс тастамау туралы түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Аталған акция арқылы қала тұрғындарында тазалыққа шақырамыз», — деді «AMANAT» партиясының Текелі қалалық филиалының төрағасы Марғұлан Ботантаев.

Шымкентте ұйымдастырылған тазалық акциясы Тұран ауданы №8 шағын ауданында өткізілді. Іс-шара барысында көпқабатты тұрғын үйлердің аулалары қоқыстан тазартылып, қураған шөптер мен ағаштардың қалдықтары жиналды. Экологиялық іс-шараға партияның қалалық және аудандық филиалдарының өкілдері, жергілікті әкімдік қызметкерлері мен «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенді мүшелері қатысты. Жалпы алғанда, 100-ге жуық қала тұрғыны осы игі іске атсалысты.

Сыр өңіріндегі тазалық жұмыстары Тереңөзек кентінде Ғ.Мұратбаев және И.Токтыбаев көшелерінде жүргізілді. Эко акцияға партия белсенділері, фракция мүшелері, мекеме қызметкерлері мен тұрғындар қатысты. 50-ден астам адам мен 2 техника жұмылдырылып, 2 тонна қоқыс шығарылды.

«Тазалықты сақтау — бәріміздің ортақ міндетіміз. Бұл шара экологиялық мәдениетті қалыптастырып, қоғам санасын жаңғыртуға ықпал етеді», — деді «AMANAT» партиясының Сырдария аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ақтөре Ибрагимұлы.

Дәл осындай игі іс Ақтөбе облысында да ұйымдастырылды. Шалқар ауданында «Жастар Рухы» жастар қанатының еріктілері бауырластар зиратын күл-қоқыстан тазартты. Ұлы Отан соғысы жауынгерлеріне арналған бұл тарихи орын ерекше назарға алынып, 2 тонна қалдық шығарылды.

«Шалқар қаласындағы бауырластар зираты — маңызды тарихи ескерткіштердің бірі. Бұл зират Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан жауынгерлерге арналған. Зиратта арнайы ескерткіш белгі қойылып, қаза тапқан жауынгерлердің есімдері жазылған. Соғыс құрбандарын еске алу орны партиялықтар тарапынан да күтімге алынып отыр. Акция басталғалы сегіз рет маңызды тарихи ескерткіштерге тазалық жұмыстарын жүргіздік», — дейді партияның Шалқар аудандық филиалының атқарушы хатшысы Айнагүл Жұмағұлова.

Ал Ақмола облысы Сандықтау ауданының Балкашино ауылында өткен акция барысында орталық көшелер, Абылайхан көшесі және мәдениет үйінің аумағы тазаланды. Шараға волонтерлер, депутаттар және жергілікті тұрғындар қатысып, 5 шақырым жол мен қоғамдық орындар қардан тазартылды.

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданында өткен экологиялық акцияда «Орталық» бастауыш партия ұйымы мен ауылдық округ әкімі аппаратының ұйымдастыруымен вокзал алаңы мен орталық көшелер қоқыстан тазартылды.

«Мен үшін мұндай акцияларға қатысу — үлкен тәжірибе және жауапкершілік. Біз табиғатты таза ұстасақ, өзіміздің де өмір сүру ортамыз жақсарды. Әр адам осыған үлес қосса, қаламыз бен ауылымыз көркейе түседі деп сенемін», — деді волонтер Айару Аскарқызы.

Айта кетейік, бүгінге дейін «Таза бейсенбі» акциясы аясында еліміз бойынша 11 мың тоннадан астам қоқыс жиналып, қалдықтар қайта өңдеуге жіберілді. Игі іске бас-аяғы 50 мыңнан астам адам қатысты.



## МӘСЕЛЕ

7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

**А** Айхан ШӘРІП**ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫҢ  
«КЕНЖЕСІ»**

Ұлттық банк төрағасының кеңесшісі – цифрлық трансформация жетекшісі Бинұр Жаленовтің түсіндіруінше, цифрлық теңге – қолма-қол (банкноттар) және қолма-қолсыз (электронды ақша) төлем құралдарына қосымша, ақшаның үшінші түрі. Ол алдыңғы екеуінің қасиет-қабілеттерін өз бойына жиды, сондай-ақ төл, қайталанбас, бірегей қасиеттеріне ие.

Қолма-қол ақша сияқты цифрлық теңге де Ұлттық банктің міндетмесіне жатады, оны тек сол эмиссиялай алады. Одан басқа ешкімге цифрлық теңге шығару құқығы берілмеген. Электронды ақшадан айырмашылығы, тіпті интернет желісі қолжетімсіз болса да цифрлық теңгемен есеп айырысуға болады. Өзге төлем құралдары сияқты оны дүкенде, банк қосымшаларында, мәміле жасасқанда, жалпы барлық жерде ақша ретінде пайдалануға болады.

Бірақ бірінші кезекте, әзірше ол қосылған құн салығын (ҚҚС) қайтару үшін қажетке жаратылмақ. Түсіндіре кететін жайт, өз өнімін шетелге экспорттайтын отандық кәсіпкерлер мен кәсіпорындарды қолдау үшін олардың бюджетке төленген дәл осы салығы кері қайтарылады.

Бұл мәселе күн тәртібінде күйіп тұр. Биылғы 7 ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің бизнес алдындағы ҚҚС бойынша қарызы орасан зор көлемге жеткеніне назар аударды. Бұған қоса, бюджеттің жыртқығын жамау үшін шенеуніктер жаман әдетке бой ұрған: олар бизнестен келесі жылы төленуге тиіс қосылған құн салығын аванспен биыл төлеуді талап етеді. Мәселен, Қаржы министрлігі былтырғы табыс жоспарын алдын ала төленген осы жылдың салықтары есебінен орындаған. Сондай-ақ экспорттаушыларға 600 миллиард теңге қосылған құн салығын қайтармай қойған. Осы арқылы бюджет проблемаларын бизнестің айналымдағы қаражаты есебінен шешті.

Қаржы министрі Мәди Такиевтің мәлімдеуінше, Президент сынынан кейін елімізде экспорттаушыларға ҚҚС қайтару рәсімдері қайта қаралды. Қосылған құн салығын жедел қайтаруға мүмкіндік беретін талдамалық жүйе әзірленді. Бұл отандық тауар өндірушілерге елеулі қолдау болады. Нәтижесінде, министрлік экспорттаушыларға ҚҚС бойынша берешегінің жалпы сомасының шамамен жартысын бюджеттен қайтара алыпты. Күрмеулі мәселенің түйткілі толық шешілуі үшін бизнес алдындағы берешек толық өтелуі керек. Бірақ жүздеген миллиард теңгені бюджеттен алып қойса, мемлекеттің әлеуметтік және басқа міндеттемелерін орындау мұңға айналмақ.

Бұл мәселеде Үкіметке цифрлық теңге көмекке келеді. Кейбір сарапшының сендіруінше, қолма-қол және қолма-қолсыз қаржыдан артықшылығы сол, сандағы ұлттық валютаны көптеп шығару елдегі инфляцияның аспандауына түрткі болмауы мүмкін. Қалай болғанда, қосылған құн салығын цифрлық теңгемен қайтарудың



# ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕДЕ ҚАРЫЗ КҮЛІП ҚАЙТАДЫ

қанатқақты жобасы «Цифрлық ҚҚС» бағдарламасы аясында қолға алынып отыр.

– Цифрлық теңге – ұлттық валютамыздың қолма-қол және қолма-қолсыз төлем құралдарын толықтыратын жаңа түрі ғана емес, сондай-ақ қаржы ағындарын бақылауға арналған құрал болып есептеледі. Бұған озық цифрлық технологияларды қолдану, соның ішінде цифрлық теңгені токенизациялау есебінен қол жеткізіп отырмыз. Бұл ақшаны нақты бағдарламалауға, инновациялық қаржы сервистерін құруға жол ашады, – деді Мемлекеттік кірістер комитетінің Аудит департаментінің директоры Қадыр Исмағұлов.

**ЖАЛҒАН ФИРМАЛАРҒА  
ЖОЙҚЫН СОҚҚЫ**

МКК өкілдерінің түсіндіруінше, цифрлық теңгені ҚҚС-ны қайтаруға пайдалану осы мемлекеттік қызметті жаңғыртып, жетілдіруге де бағытталған. Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Жанама салықтарды әкімшілендіру басқармасының басшысы Асхат Жибитаев пилоттық жобаның міндетті-мәжбүрлеу емес, ерікті негізде жүргізілетініне назар аударды.

– Бастапқы кезеңде цифрлық теңге экспорттаушыларға арналады. Яғни, соның көмегімен ҚҚС қайтарылады. Өзге төлем түрлеріне қарағанда, цифрлық теңге қосылған құн салығын қайтаруды жеделдетеді. Бұл 55 күннен үш айға дейін созылатын. Енді бұған 15 жұмыс күні жеткілікті болады және салықтық тексеру жүргізілмейді. Жобаға қатысушылар банктер арқылы Ұлттық банкпен «ҚҚС» деп таңбаланған цифрлық теңгелерді тек электронды шот-фактуралар бойынша өнім жеткізушілерімен есеп айырысуға, сондай-ақ мемлекетке ҚҚС-ті төлеуге ғана пайдалануға болады, – деді А.Жибитаев.

Сөйтіп, бұл цифрлық теңгені жұмсау бағыттары шектеледі. Маманның түсіндіруінше, ҚҚС таңбасы бар цифрлық теңгені басқа мақсаттарға жұмсауға немесе қолма-қол ақшаға айналдыруға тыйым салынады. Ақыр соңында қосылған құн салығының төлемі түрінде қазынашылық шотқа түс-

кеннен кейін Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ұлттық банк арқылы цифрлық теңгеден ҚҚС таңбасын алып тастайды («размаркировка»). Содан соң оны бірыңғай қазынашылық шотқа, яғни бюджетке аударады.

А.Жибитаевтың пікірінше, бұл ҚҚС төлеуден жалтару үшін түрлі арамза схеманы қолданатын адал емес салық төлеушілердің санын қысқарту үшін жасалып отыр. Өз кезегінде кәсіпкерлер цифрлық теңгені негізінен қолдапты. Бизнестің басты бір көздегені де мемлекеттен қаражатын қайтару болатын. Берешек цифрлық теңгемен төленсе де, өтелгені жақсы.

Отандық өндірушілер өз өнімін шетелге экспорттағанда ҚҚС төлемейтіні белгілі. Сонымен бірге, экспорттаушылар жаһандық нарыққа жеткізу үшін отандық өндірушіден немесе сатушыдан тауар не шикізат сатып алғанда аталған салықты төлейді, алайда артынша оны бюджеттен кері өндіріп алуға құқылы. Бюджеттен ҚҚС үшін төленген қаржының қайтпай қалуынан зәрезап болған бизнес оны төлеуге үшін түрлі амал-шарғыға барады.

Мысалы, Мемлекеттік кірістер комитеті мамандарының мәліметінше, осы мақсатта ҚҚС-ті «бір күндік өмірі бар фирмалар» арқылы есептейтін сұр схемалар

«**Цифрлық теңге – ұлттық валютамыздың қолма-қол және қолма-қолсыз төлем құралдарын толықтыратын жаңа түрі ғана емес, сондай-ақ қаржы ағындарын бақылауға арналған құрал болып есептеледі. Бұған озық цифрлық технологияларды қолдану, соның ішінде цифрлық теңгені токенизациялау есебінен қол жеткізіп отырмыз. Бұл ақшаны нақты бағдарламалауға, инновациялық қаржы сервистерін құруға жол ашады**

Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы Жандос Дүйсембиев журналистерге цифрлық теңге қолданылатын «Цифрлық ҚҚС» ілкі жобасы туралы айтып берді. Мемлекеттік кірістер комитеті Ұлттық банкпен бірлесіп, бұл жобаны 2024 жылғы 7 қазанда іске қосқан екен. Ол қосылған құн салығын бюджеттен салық төлеушіге қайтару рәсімдерін модернизациялауға бағытталған.

Объективті себептерге орай дәстүрлі қаржы құралдары есебінен мұны жүзеге асыру қиын болыпты. Жобаға цифрлық теңгенің жұмылдырылуы жаңа көкжиектерді ашып, мемлекеттің маневр өрісін күрт кеңейткен екен. Бұл сондай-ақ бизнестің салық органдарымен өзара іс-қимылын жеңілдетеді.

жолға қойылған. Мұндай компаниялардың ұзын тізбегі тауарларды ішкі нарықта қолдан қолға өткізіп, қайта сатуға бағдарланған бірнеше операцияны іске асыру үшін құрылады. Соның нәтижесінде тауарлар қозғалысының бастауын жасырады және түпкі ақша алушыларды бүркемелейді. Тауардың қайдан шыққаны, ол үшін қаражаттың кімге төленгені белгісіз қалады. Жалған фирмалардың «өмірлік» циклі шалақ: үш-алты ай өткенде, тоқсандық есеп тапсыратын кез жеткенде, салық төлеушілер «жойылып» кетеді.

Пилоттық жоба міндетті жүйеге айналса, бір күндік жалған фирмалар салықтан жалтару схемаларын ілгерілету мақсатында көзбояу шот-фактураларын сата алмайды. Өйткені

цифрлық теңгедегі ҚҚС таңбаланған күйде болады.

Ал арнайы бағдарлама арқасында цифрлық теңгенің бүкіл «жүріс-тұрысы» туралы ақпарат ағыны жүйеде сақталады. Өз кезегінде цифрлық теңгемен жасалған барлық транзакция туралы ақпараттар, сондай-ақ өнім жеткізушілер бойынша ҚҚС-тің қозғалысы туралы мәліметтер мемлекеттік кірістер органына беріледі. Бұл тетіктің арқасында салықшылар ешқандай салықтық тексеруін жүргізбей-ақ, ҚҚС-ті жедел қайтару үшін қажетті бүкіл ақпаратқа қол жеткізеді.

**БИЗНЕСКЕ МАЙДАЙ  
ЖАҒАТЫН ЖҮЙЕ**

Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы Жандос Дүйсембиев «салық пен цифрлық теңге одағының» артықшылығын атады. Біріншіден, ол бизнеске пайдалы. Кәсіпкер ҚҚС-ін жедел қайтара алады. Сол арқылы айналым қаражатын көбейтеді, бюджеттен тез оралған миллиардтарын қайта бизнеске салып, теңгеден теңге тудырады, табысын ұлғайтады. Осының бәрі бизнесінің орнықтылығын арттырады, мүмкіндігін кеңейтеді, ел экспортын дамытуға ықпал етеді.

ҚҚС-ті қайтару мерзімдерінің нақтылығы кәсіпкерлерге бизнес-процестерін барынша дәл жоспарлауға, контрагенттерімен уақытылы есептесуге, мемлекеттік қаржы институттары, банктер мен микроқаржы ұйымдары алдындағы кредиттік міндеттемелерін дер кезінде орындауына мүмкіндік береді.

Айтқандай, цифрлық теңгеге негізделген ҚҚС-ті қайтару жүйесінде салықтық тексерулердің жүргізілмейтіні бизнеске жасалатын қысым мен стресті төмендетеді. Салықшылар сұрататын қорап-қорап құжатты жинап, дайындауға кететін уақытын, адами ресурстарын үнемдейді. Мысалы, 2024 жылғы 9 айда салықшылар 3 325 тексеру жүргізіпті.

Екіншіден, жоба шенеуніктер арасындағы сыбайлас жемқорлықпен, бюджет қаржысын мақсатынан тыс жерге жұмсаумен және бизнестің көлеңкелі схемаларымен күрестің жойқын қаруының біріне айналуда тиіс. Комитет басшысының сендіруінше, арнайы бағдарламалау нәтижесінде ҚҚС таңбалы цифрлық теңгені сұр схемаларға қолдану, қолма-қол ақшаға айналдыру мүмкін болмай қалатын көрінеді.

Биылғы жылдың салалық басты бір жаңалығына айналған пилоттық жоба сондай-ақ салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуге, әкімшілік шығыстарды азайтуға мүмкіндік береді. Себебі, бұл процеске мемлекеттік органдардың мейлінше аз тартылуын қамтамасыз етпек. Бұдан мемлекеттік қызметтегі жұмыс қолы босайды. Бұдан бөлек, жаңа жүйе еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттырып, жаһандық рейтингтердегі тұғырын биіктетеді деп күтіледі. Бизнес үшін барынша айқын әрі тиімді салықтық ортаны түзе отырып, республиканың экспорттық әлеуетін өрістетеді.

Мамандардың тұжырымдауына, цифрлық теңге бұл жобадан тиімділігін көрсете алса, ол ел өмірінің басқа салаларына, билік, бизнес пен бұқараның ықпалдастығының өзге бағыттарына тез-ақ кең тарала бастайды.



## НАРЫҚ

7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Қазақстанның азық-түлік тауарларын өндірушілері пұшайман хал кешуде. Өйткені жергілікті өнімдерді импорт тықсырып барады. Оған азық-түлік ритейліндегі монополистер ықпал етуде. Алдағы 3-5 жылда жағдайды түзеп алмасақ, ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төнбек. «Қазақстанның азық-түлік секторының салалық одақтары альянсы» осылай деп дабыл қағып отыр. Осы мақсатта альянс әуелгіде өз алдына бөлек заң жобасын дайындап шыққан екен. Бірақ мемлекеттік органдар түрлі уәж айтып, қабылдамай тастаған.

**А Нұрлан ҚОСАЙ**

### ИМПОРТ ЖАНШЫП БАРАДЫ...

Елімізде азық-түлік импорты жылдан-жылға еселеп артып барады. 2023 жылдың статистикасына көз салсақ, Қазақстан 5,9 млрд АҚШ долларына азық-түлік өнімдерін импорттаған екен. Соның ішінде шұжықтар мен сүт өнімдерінің басым бөлігін, қантты 95%, консервіленген жеміс-жидек пен көкөністерді солайымен сырттан тасимыз. Бұл тенденция биыл да сақталып қалып отыр. Ecomomy.kz сайтының мәліметінше, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында импорт \$2,4 миллиардты құрапты. Өткен жылдармен салыстырсақ, өсу қарқынын сақтай отырып, 2016 жылы – \$2,6 млрд, 2018 жылы – \$3,3 млрд, 2021 жылы \$4,0 млрд болған. Бұл тұста ең үлкен импортер Ресей (43%) екені айтпаса да түсінікті. Екінші орында Қытай (7%), үшінші орында Өзбекстан (5%) тұр. Одан өзге, Испания, Беларусь, Түркия, Польша, Италия, Германия, Франция, Грузия, Үндістан сынды және тағы да басқа импорттаушы-мемлекеттерді атап өтуге болады. Міне, осы елдерден келген тауарлар легі отандық азық-түлік өндірушілерді жылдан-жылға тықсырып, тіпті тұншықтырып барады. Сапасы мен ассортименті жағынан біздің өнімдер шетелдіктермен бәсекелесе алғанымен, бағасы жағынан еңсере алмай тұр. Ал нарыққа кіру үшін бағасын төмендеткен жағдайда импорттаушылар демпинг жасап жолатпайды. Оған себеп: жергілікті кәсіпкерлерге ырық бермей отырған бірнеше фактор бар. Соның бірі – сауда желілеріндегі монополия. Ол туралы төменде айтатын боламыз.

Сондықтан да тығырықтан шығудың бір жолы ретінде қазақстандық азық-түлік өндірушілер ішкі нарықты қамтитын әлеуеті бола тұра, өнімдерін сыртқа жөнелткенді құп көреді. Мәселен, былтыр елімізде экспорт \$5,4 млрд болған, яки алдыңғы жылмен салыстырғанда 4,3%-ға төмендеген. Ол тауарлардың көш басында ұн, өсімдік майлары мен макарон өнімдері тұр. Ал шындығында өсімдік майлары немесе макарон өнімдерімізбен өзімізді толық қамти аламыз. Бірақ сапасы жоғары өзіміздікіні сатып, сапасы белгісіз импортты тұтынып отырмыз. Сол



сияқты темекі өнімдерінің де 70%-ын экспорттап отырмыз. Ұнды да сыртқа сатамыз, бірақ жылына \$200 миллионға ұн өнімдерін сатып аламыз. Бұл ұннан түскен пайданың тең жартысы. Егер ұнның шикізат түрінде шетел асқаннан қалғанын іште өңдеуді жолға қойсақ, өндіріс, жұмыс орны, салықтай түсімдер есебінен біраз ұтқандай екенбіз.

### МОНОПОЛИЯ МҮДДЕСІ – ҚАНАУ

Осы ретте атай кетер бір жайт, ақшалай өсім бар болғанымен, импорт тауарларының нақты көлемі жыл сайын 3,5-3,6 миллион тонна төңірегінде сақталып қалып отыр. Бұл олардың бағасының да еселеп қымбаттап жатқанын білдіреді. Ендеше түпкі ауыртпалық қарапайым тұтынушының, яки сіз бен біздің қалтамызға түсіп жатыр деген сөз. Ал одан да қиыны – отандық өндірушілерді тұншықтырып бара жатқаны. Бұлай жалғаса берсе, азық-түлік қауіпсіздігімізге, одан да сорақысы ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп төнуі мүмкін. «Қазақстанның азық-түлік секторының салалық одақтары альянсының» осыны айтып шырылдап жүргеніне бірнеше жылдың жүзі болды. Олар импорт тауарлар бірінші кезекте азық-түлік ритейліндегі монополист сауда желілеріне қолайлы болып отырғанын айтады. Сондықтан да түрлі сылтау айтып, отандық өндірушілерді дүкендерінің сөрелеріне жібермей отыр. Бірақ бәрінен сорақысы – мемлекеттің оларды монополист деп мойындамай отырғаны.

«Бірінші кезекте елімізде монополияны айқындау әдістемесі шикі. Мәселен, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (БҚДА) еліміздің қай өңірінде болмасын сауда алаңдары, соның ішінде базар, қонақүй, мейрамхана, шағын сауда орындары мен отын құю стансалары сияқты және тағы да басқа бизнес нысандарынан тұратын желілер, 30%-дан аспайды, ендеше монополия да жоқ деп санайды. Бұлай дұрыс емес. Сауда желілерін бөлек қарастыру қажет. Өйткені азық-түліктерінің 70%-ы осылар арқылы өтеді. Тек А, В және С форматындағы бөлшек сауданы санайтын болсақ, монополиялық сипаттар анық көрінеді. Қазақстанда 2 ғана алпауыт сауда желісі бар. Қай өңірде болмасын сол екеуінің біреуі азық-түлік ритейлін монополиялап алған боп шығады. Ал егер Еуропадағыдай 5-6 сауда желісі болар болса, жергілікті өндірушілер біреуі болмаса біреуін тандап

5%-дан аспау қажет. Бірақ бұл сақталып отырған жоқ, заң жұмыс істемейді. Ретробонустар 40%-ға дейін барады. Өйткені оның нақты анықтамалығы жоқ, тек нақты бір сауда желісіндегі тауарды өткізуге бағытталған кез келген қызмет үшін алынатыны айталған. Сондықтан да оны ақпараттық мәлімет бергені үшін, қоймаға орналастырғаны үшін, жарнама жасағаны үшін деп ала береді. Ол аздай Сауда және интеграция министрлігі ретробонустардың мөлшерін көтеру керек деп бастама жасап отыр. Бұл дұрыс емес. Керісінше, бұл мәселені нақты реттеп, барлық алым-төлемдерді жойып, тек сауда бәсіндегі үстемекіні қалдырып, бизнестегі тараптар тең дәрежеде ынтымақтаса алатындай жағдай

қым келеді. Талқылау барысында біз көтеріп отырған мәселелер енгізілген бірнеше заң жобасы бар екені анықталды. Сол себепті мемлекеттік орган өкілдері бізге өз алдына бөлек заң жобасын дайындағаннан гөрі ұсыныстарымызды бөліп-бөліп осы уақытқа дейін дайындалып қойылған заң жобаларына енгізуімізді ұсынды. Соның ішінде қазір Мәжілісте қаралып жатқан «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заң жобасына біз түзетулеріміздің бір бөлігін жолдадық. Екінші бөлігін «Ветинария туралы» заң жобасына ұсынуға дайындап жатырмыз. Оны АШМ-ның комитеті дайындауда. Қалай болғанда да бар үміт Мәжілісте», – дейді «Қазақстанның азық-түлік секторының салалық одақтары альянсының» үйлестірушісі Андрей Кукушкин.

Оның айтуынша, мемлекеттік органдар тарапынан қарсылық қатты екен. Кейбір ұсыныстары қабылданғанымен, кейбірі қабылданбай жатыр. Ал салалық одақтар альянсы өз ұсыныстар блогын басы бүтін қабылдауды талап етуде. Өйткені министрліктер мен сауда желілері қанша жерден жоққа шығарғанымен, жағдай шынымен де аянышты. Дүкен сөрелерінен қазақстандық азық-түлік өнімдері құрып барады. Оларға импорттық тауарларды сатқан тиімді боп тұр. Өйткені оларды сатудан көп пайда түседі. Бірақ бұл жерде мәселе азық-түлік қауіпсіздігінде тұрғанын ұмытпауымыз керек.

«Сауда мен өндіріс текетіреске түскен шақта мемлекет жергілікті тауар өндірушілерді қолдауы тиіс. Өйткені сауда кез келген дағдарыстан аман-есен өте алады. Ал өндіріс көп қолдауға зәру. Ол мықты болса, экономикамыз да мықты болмақ. Бүгінгі геосаяси жағдайды ескере отырып, бізге тездетіп отандық өндірісті жолға қою қажет. Импортқа тәуелділік онсыз да нашарлап тұрған жағдайымызды одан сайын ұшықтыра түседі. Аяқастынан импорт тыйылып қалса, тапшылық пен қымбатшылық қатар бой көрсетеді. Одан бөлек, импорт тауарлар бізге инфляцияны да импорттайтынын ұмытпауымыз керек. Мәселен, шетелде азық-түлік қымбаттаса, ол бізде де қымбаттайды. Ұлттық валютаның жиі әлсіреуінде де бір себеп осы. Өкінішке қарай, қазір кәсіпкерлер трейдерлердің талабына мойынсұнуға мәжбүр, солардың қызметіне мұқтаж. Ол үшін бізге өз алдына дербес заң керек. Сондықтан да қазақстандық өндірушілердің өнімдерін жергілікті саудада өткізуде әділ жағдай туғызу қажет», – дейді «Қазақстан құс шаруашылығы одағының» президенті Руслан Шарипов.

Әрине, кәсіпкерлердің жағдайына жеткені қуантады. Бірақ оның нәтижесі қандай болатыны белгісіз. Сондықтан қуануға ерте. Қатары 100-ден астам азық-түлік өндірушіден тұратын альянс бастамасы толық қолдау табуға тиіс. Ойымызды Президенттің сөзімен аяқтасақ: «Бізге сауда саясатында батыл да жана бастамалар керек. Отандық өндірушілерді қорғау – мемлекеттің міндеті. Бірақ бұл біз сыртқы әлемнен экономикамызды жауып тастаймыз деген сөз емес, ол әрқашан ашық болады, бірақ ұлттық бизнестің мүддесі биік тұруға тиіс». Бір сөзбен айтқанда, Отан отбасынан басталса, ұлттық қауіпсіздік дастарқаннан басталатынын ұмытпағанымыз жөн.

## ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ДАСТАРҚАННАН БАСТАЛАДЫ



кетіп қалар еді. Бізде олай емес, не солардың қанаушылық шарттарына көнесің, не нарықтан кетесің. Сол себепті бізге әдістемені өзгерту керек. Мемлекет ұлттық бизнеске болысып, оларды монополист деп танып, арнайы реттеуге алуға тиіс», – дейді «Қазақстанның азық-түлік секторының салалық одақтары альянсының» үйлестірушісі Андрей Кукушкин.

Оның айтуынша, сауда желілері жекелеген тауар санаттары бойынша 40%-ға дейін «ретробонустарын» тықпалайды екен. Өз бетінше айыппұл салады, соның ішінде өндіруші келісім-шартты бұзуға ұмтылған жағдайда да солай. Тауарды алмай қояды немесе өткен тауардың ақшасын бір жылға дейін бермей жүріп алады. Жеңілдіктерді, акцияларды негізінен өндірушінің есебінен жүргізеді. Сөрелерде отандық тауарларды бірінші көз түсетін жерлерге қоймайды. Өнімдерді еш негізсіз қайтарып жібереді. Импорт тауарлардың демпингіне жол береді. Бір сөзбен айтқанда, отандық кәсіпкерлерге тиімсіз қанаушылық сипат көзге ұрып тұр. Бұл түптеп келгенде бағаға әсер етеді. Сол себепті альянсқа мүше барлық ұйым мұндай ахуалға түбегейлі қарсы.

«Ретробонустарды тықпалау бүгінгі күннің бас ауруы болып отыр. Мәселен, «Сауда қызметін реттеу туралы» заңның 31-бабында әлеуметтік маңызы бар тауарларға ретробонус қосуға болмайды делінген, ал қалған санаттағыларға

жасау керек», – дейді «Қазақстанның ет өңдеуші кәсіпорындары ассоциациясы» атқарушы директорының орынбасары Юлия Нам.

### БАР ҮМІТ – МӘЖІЛІСТЕ

Альянс әуелгіде өз алдына бөлек заң жобасын дайындап шыққан екен. Ол «Кейбір заңнамалық актілерге сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп аталады. Мақсат – отандық өндірушілердің мүддесін қорғау. Бірінші кезекте қазақстандық азық-түлік өнімдерін ішкі бөлшек саудасында өткізу үшін қолайлы жағдай жасау. Онысын Мәжіліс депутаттары да, соның ішінде «AMANAT» фракциясы да қолдаған. Бірақ мемлекеттік органдар оны сол күйінде өткізбей отыр.

«Біз әуелгіде ұсыныстар дайындап, түрлі бағыттағы 40 пунктке жуық түзетулері бар толыққанды заң жобасын жасап шыққан болатынбыз. Оны тиісті органдармен қарқынды түрде талқыладық. Олар – бірінші кезекте СИМ, АШМ Ветинариялық бақылау және қадағалау комитеті, ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті. Бұл бағытта бізге қолдау көрсеткен Мәжіліс депутаттарына, соның ішінде жұмыс тобының жетекшісі болған «AMANAT» партиясы жанындағы Аграрлық сектордың мәселелері жөніндегі республикалық кеңес жетекшісі, Мәжіліс депутаты Нұржан Әшімбетовке зор алғыс айт-



## ДАМУ

7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде «Жайлы мектеп» жобасы қолға алынғаны белгілі. Бұл жайында ең алғаш рет екі жыл бұрын ел Президентінің халыққа арнаған дәстүрлі Жолдауында көрініс тапқан болатын. Соның негізінде биыл Сыр өңірінде де заманауи үлгідегі білім ордасы бой түзеп, ел игілігіне пайдалануға берілді. Осы орайда ұлттық жоба аясында пайдалануға берілген жаңа мектептің қолданыстағы білім ошақтарынан айырмашылығы неде, ерекшелігі қандай, үңіліп көрдік.



# «ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТІҢ» АЛҒАШҚЫ

## ЖЕЛМІСІ



**А** Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы

Сұлу Сырдың жағасына қоныстанған Қызылорда қаласында есігін айқара ашқан бұл білім ордасының еңселі ғимараты алыстан көзге ерекше көрінеді. Сыртқы әрлеу, абаттандыру жұмыстары әсемдігімен сүйсіндіреді. Ішкі келбетінен де кемшілік жоқ.

Мектеп директоры бізге жаңа оқу ордасының қолданыстағы білім ұяларынан ерекшелігі көш ілгері екенін жіпке тізгендей баянда берді. Оның айтуынша, бұл білім ордасында оқу процесінің айырмашылығы өзге мектептерге қарағанда сан қырлы. Соның ішінде түлектердің мектеп қабырғасында білім нәрімен сусындап қана қоймай, қосымша мамандық алып шығуына мүмкіндік қарастырылған.

«Жоба аясында мұндай мектептердің әдеттегі білім ұяларына қарағанда бәсі жоғары саналады. Осының негізінде балаға сапалы

білім, саналы тәрбие беру арқылы білімді шәкірт тәрбиелеуге сүрлеу саламыз. Қазір мектеп қабырғасында білім берудің жаңа процесін қалыптастыру бағытында сәт сайын жаңашыл бастамаларға бетбұрыс жасалып келеді. Негізі, бұл мектептің құрылысы жоспар бойынша желтоқсан айының аяғында аяқталуы тиіс еді. Бірақ мердігер компанияның ықпалымен құрылыс жұмыстары мерзімінен бұрын аяқталып, оқушыларға есігін айқара ашып отыр. Мектептің жобалық қуаты 900 орынға арналған. Қазір білім ордасында 968 оқушы білім алады. Оның ішінде 1-11-сынып аралығында 912 оқушы оқыса, мектепалды даярлық тобында 54 бала тәлім алып жатыр. Мектептің материалдық-техникалық базасы өте жоғары деңгейде жабдықталған», — деп түсіндірді мектеп директоры Мөлдір Смаханова.

Директордың айтуынша, «Жайлы мектептің» негізгі концепциясы оқушыларға жайлы, қауіпсіз орта құру. Бұл тұрғыда мектептің іші мен сырты толық

бейнекамералармен жабдықталған.

Жалпы, мектеп үш блоктан тұрады. Осы орайда қауіпсіз ортаны қалыптастырудың тағы бір үлгісі ретінде мектептің В блогы тек бастауыш сынып оқушыларына арналған. Бұл блок бөлек кіреберіс есікпен жабдықталған. Әрбір блоктағы витраж есіктер скот картондармен басқарылады. Осы арқылы жоғары және бастауыш сынып оқушыларының араласып кетпеуіне жағдай жасалып отырғанын алға тартады.

Сол сияқты әр блогта төрт Сәжетханадан салынған. Әжетханалар мұғалімдер, оқушылар және мүгедек балаларға арнап жасалған.



«Сонымен қатар білім ордасындағы оқу кабинеттері де заманауи үлгіде жабдықталған. Оның ішінде робототехника, СТЭМ кабинеттерінің жабдықталуы жоғары үлгіге сай. Мәселен, робототехника кабинеті заман ағымына сай дрон, Lego конструкторлар, адам тәріздес роботтар, ноутбуктармен қамтамасыз етілген. Осы арқылы оқушылар әртүрлі бағдарламаны меңгеріп, сол бойынша жұмыс істей алады. Сол сияқты биология, химия, технология кабинеттерінің жабдықталуы жоғары деңгейде деп айта аламын. Жалпы білім ордасындағы барлық кабинет ғылыми жұмыстармен айналысуға негізделген», — дейді Мөлдір Дәуренбекқызы.

Осы орайда технология кабинетінің ерекшелігіне арнайы тоқталып кеткен артық болмас. Бұл кабинеттер ұлдар жә-

не қыздар технология кабинеттері болып арнайы жасакталған. Соның ішінде қыздар кабинеті дизайн және технология кабинеті деп аталады. Мұнда арнайы тігін машиналары орнатылып, оқушыларға тігіншілік өнердің қыр-сырын үйретеді. Сондай-ақ тамақтану мәдениеті кабинеті аспазшы мамандығына баулу мақсатында арнайы асүй жабдықтарымен қамтамасыз етілген. Ал ұлдардың технология кабинеті ағаш, темір жону станоктарымен, лазерлік станоктармен қамтамасыз етілген. Осы арқылы оқушылардың білім нәрімен сусындап қана қоймай, қосымша мамандық иесі атануына мүмкіндік жасалып отыр.

Бұл білім ұясының тағы бір ерекшелігі, үш спортзал жұмыс істеп тұр. Соның ішінде бастауыш сыныптар блогы арнайы спортзалмен қамтамасыз етілген. Кіші сынып оқушыларының ересек балалардан оқшау, дербес залда шынығуына жағдай жасалып отыр. Спортзалдары LED табломен, спорттық құрал-жабдықтармен, тіпті асықтармен де қамта-

да жолға қойып отырмыз. Осы мақсатта күнделікті «көңілді үзіліс» шарасын өткізіп келеміз. Үзілісте балалар мектеп залында кіші үстел теннисін үйреніп, арқан тартыс, асық ату секілді ұлттық ойындарымызды ойнап, уақытын көңілді өткізуге мүмкіндік алады. Бұл бірінші кезекте саламатты өмір салтын қалыптастыруға негіз қалап қана қоймай, ұлттық құндылықтарымызды өскелең ұрпақтың санасында жаңғыртуға сеп болары сөзсіз», — деп ойын сабақтады мектеп директоры.

Мектептің музыкалық кабинеттері де талантты балғындарға қажетті барлық аспаппен жабдықталған. Соның негізінде түрлі үйірме ұйымдастыруға мүмкіндік артқанын алға тартады. Сонымен қатар білім ұясының акт залы заманауи үлгіде жабдықталып, түрлі тәрбиелік мәні зор кештер мен мерекелік шараларды өткізуге қолайлы жағдай туғызып тұр. Сол сияқты мектеп асханасында ыстық тамақпен қамту жұмысы жоғары деңгейде ұйымдастырылып отыр.

«Бұл ел Президентінің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде өңірімізде ашылған алғашқы білім ордасы саналады. Жаңа білім ұясының өзге мектептерге қарағанда мүмкіндігі жоғары. Жаңа мектепті қаланың сол жағалауында ашуымыз өзге шағынаудандардан қатынап оқып жүрген балаларға қолайлы жағдай туғызып тұр деп айтуға болады. Ең бастысы, осы арқылы Сол жағалаудағы мемлекеттік мектеп мәселесін шештік. Мектептің жалпы құны 6 млрд 851 млн теңгені құрады. Негізінен, 900 орынға арналған бұл мектепте әрбір баланың саналы білім, саналы тәрбие алуына мүмкіндік зор. Осы ретте айта кеткен абзал, биылғы жылы Сыр өңірінің білім саласына бөлінген қаржы 264 млрд теңгеге жетіп, облыс бюджетінің 42,5 пайызын құрады. Бұл білгір жылмен салыстырғанда 9,3 пайызға артық», — дейді бұл жайында Қызылорда облыстық Білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов.

Негізінен, ұлттық жоба шеңберінде елімізде 369 білім ұясын салу көзделсе, оның 21-і Қызылорда облысының үлесіне тиесілі. Демек, бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Жалпы «Жайлы мектептің» бүгінгі аяқалысы көз қуантады. Бұл білім ұясында тағалымды тәрбиеге баулитын тағалымды ұстаздардан білім алуға құштар әрбір балаға барлық мүмкіндік жасалған деп айтуға толық негіз бар.





## ЭКОСАНА

7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Қалалардың санитарлық жағдайы, әсіресе Астана сияқты қарқынды дамып келе жатқан мегаполистер үшін әрқашан өзекті. Күн сайын мыңдаған қызметкер мен техника елорда көшелері мен алаңдарын таза және жайлы ұстау үшін жұмыс істейді. Қала тазалығы қоқыстарды жинаумен ғана шектелме емес. Сонымен қатар бұл қызмет түрі су тасқынына қарсы іс-шараларды жүргізу, қар шығару, сондай-ақ тұрақты экологиялық даму үшін жағдай жасау процестерін қамтиды. Осы бағытта қызмет атқаратын «Астана Тазалық» ұйымы Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен іске асырылып отырған «Таза Қазақстан» экобағдарламасының негізі қағидаларын қала ішінде белсенді түрде жүзеге асырып келеді. Бүгін мақаламызда қала тазалығына жауапты негізгі мекеменің жұмысы қалай ұйымдастырылғанын таразылаймыз. Сонымен бірге елордалық көше қызметкерлерінің қажыр-қайраты арқасында қаламыздың келбеті қалайша жаңара түскеніне тоқталмақпыз.

# МҰНТАЗДАЙ



**А** Кәмила  
ЕРКІН

Көше тазалығының урбанистика саласындағы маңызын көптеген халықаралық зерттеу мен бастамалар дәлелдеп отыр. Мәселен, Дүниежүзілік банк қала тазалығының экономикаға әсері туралы зерттеуінде қала тазалығын басқарудың тиімді жүйесі экономикалық шығындарды азайтатыны айтылған. Егер коқыс уақытылы жиналса, инфрақұрылымға келетін залал азайып, су тасқыны және жолдардың бұзылуы сияқты мәселелердің алдын алады. Бұл бюджеттік ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік беретіні белгілі. Сондай-ақ таза қалалар инвесторлар үшін тартымдырақ болып келеді, өйткені тазалық инфрақұрылымның тиімділігі мен әкімдіктің ұйымдастырушылық қабілетін көрсетеді. Бұл сауда мен туризм салаларының дамуына ықпалын тигізіп, қала экономикасына мультипликативті әсер етеді.

Қазір Астана қаласында көше тазалығын қамтамасыз ету барысында халықаралық тәжірибелер кенінен қолданылып жатқанын көреміз. Мәселен, Астана көшелерін тазалау үшін заманауи механикалық техникалар қолданылатынын көзбен көріп жүрміз. Скандинавия елдерінен алынған бұл әдіс тиімді әрі экологиялық тазалығымен ерекшеленетін техникалар арқылы жүзеге асырылады. «Астана Тазалық» Өндірістік техникалық бөлім басшысы Ержан Айтмаханұлының айтуынша, заманауи техникалар экологиялық қауіпсіздікті сақтап, қоғамдық денсаулық саласына да орасан зор әсер етеді.

— Мекеме 2008 жылы 1 қазанда құрылған болатын. Оған дейін «АстанаГорКомХоз» барлық коммуналдық мекемелердің басын біріктірген акционерлік қауымдастық ретінде қызмет еткен. Содан бері 16 жыл өтті. Осы уақыт ішінде мекеме қызметінде көптеген өзгерістер орын алды. Мәселен, 2024 жылы біршама техникалар жаңартылды. Атап айтқанда, Германиядан 5 заман талабына сай ауқымды техникалар әкелінді. Оның ішінде мұз-тайғаққа қарсы тұз себу үшін қолданылатын 2 техника сатып алынған болатын. Қазіргі таңда бұл құралдар қала ішінде қызмет көрсетіп жатыр, соның арқасында қалада құм қоспасын мүлдем қолданбайтын болдық. Бұл — экологиялық тұрғыда қауіпсіз, тұз қоспасы бар сұйық және қатты түрде қолданылатын реагент. Бұл қоспа -35 және -40 градусқа дейін жұмыс істейді, сондықтан қысы қатты, аязды-қарлы болып келетін Астана қаласының ауа райына бейімделген. Нәтижесінде, енді көктем мезгілі келгенде қаланы таза қалпында сақтау біршама жеңілдейтін болады. Себебі қыста себілген құм

# ТАЗАЛЫҚТЫ МҰРАТ ЕТКЕН



кейін шантозан болып қаланың көркін кетіреді, — дейді ол.

Астана қаласының коммуналдық қызметтерінің ресми баяндамаларында, қалалық инфрақұрылымды дамыту және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларында қысқы тазалау қызметі Финляндия мен Канада сияқты қысы қатал елдердің тәжірибесін ескере отырып ұйымдастырылғаны айтылады.

— Қазгидромет ұсынған мәлімет бойынша, 1 айлық жауын-шашын нормасы 26 мм болса, 7-13 қараша аралығында жауға жауын-шашын мөлшері 34 мм болды. Бұл — тым жоғары көрсеткіш. Сол уақыттары мекеме қызметкерлері күшейтілген режимде жұмыс істеді. Мәселен, жол тазалаушылар таңғы сағат 6-дан бастап іске кіріседі. Бірінші ауы-

сымда 500-ден астам жұмысшы, 8-ден бастап екінші ауысымда 400-ден астам арнайы техника көшелерді тазалауға кіріседі. Осы уақыт ішінде біз қала полигондарына 100 мың шаршы метрден астам қар шығардық. Былтыр осы кезеңмен салыстырсақ, жауған қар көлемі бірнеше есе көп. Атап айтқанда, өткен жылы қараша айында 7 200 шаршы метр ғана қар шығарылған екен, — деді Ержан Айтмаханұлы.

Жарты жылға жуық жерінен қар кетпейтін қаламызда қар тасымалдауға арналған арнайы полигондар мен қар жинайтын алаңдар бар. Қар тазалау жұмыстарында арнайы инфрақұрылымдар мен қаланың сыртында орналасқан полигондар қолданылады, мұнда қар уақытша сақталып, жоюға жіберіледі. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Астананың көшелері мен жаяу жүргіншілер жолында мұз қатудың алдын алу үшін экологиялық таза тұздар мен химиялық құралдар қолданылады. Бұл тәжірибе Финляндия мен Канададағы сияқты, табиғи ресурстарға зиян келтірмейтін, бірақ өте тиімді құралдарды қолдануды көздейді.

Мысалы, Ержан Айтмаханұлы өз сөзінде Астанадағы алып магистральдар мен жолдардың жиегінен жиналған қоқыстар арнайы экополигондарға жеткізілетінін айтты. Ауа райы құрғақ кездері шанды азайту үшін су шашатын машиналар, жол жиегін және тротуарларды тазалауға арналған шағын автоматтандырылған құрылғылар қолданылады.

— Қыс мезгілі бітіп көктем шыққанда, көше қоқыстарымен күрес басталып кетеді. Жол жиегінде жиналған қоқыстар мен жаяу жүргіншілер жолындағы урналарды тазарту да біздің міндетке кіреді. Сонымен қатар әр ауысымда жиналған қоқыстарды қалалық экополигонға шығарамыз. Бұл мекемемен келісімшарт негізінде жұмыс істейміз, — дейді ол.

Сондай-ақ мекеме «Таза Қазақстан» экобағдарламасы аясында Астана қаласы әкімдігі ұйымдастырған бүкілқалалық сенбіліктерге белсенді түрде атсалысқан. Сонымен қатар көше тазалықшылары қаламызда өтіп жатқан ауқымды іс-шаралардың барлығында қаланың тазалығы үшін аянбай тер төгеді. Атап айтқанда, Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті, Дүниежүзілік көшпенділер ойыны, ҰҚШҰ отырысы секілді халықаралық деңгейдегі маңызды жиындарда белсенді түрде Астанамыздың санитарлық ахуалын аталмыш ұйым қамтамасыз етеді.

«Астана Тазалық» санитарлық тазалау қызметі бойынша Астана қаласы көшелерінің 40 пайызын 454 шақырым ұзындықтағы 227 көше құрайды.

— Жұмыс істейтін аумақтардың қатарында қаланың маңызды деп саналатын алып даңғылдары мен көшелері, алаңдар мен жаяу жол жүргіншілері кіреді. Атап айтқанда, жұмысшыларымыз Есіл ауданындағы стратегиялық маңызы бар нысандардың кіреберіс аумақтарында еңбек етеді. Қазір елордамызда 5 аудан болса, сол аудандарға жеке-дара 5 база құру жоспарымызда бар. Бұл орындарда тазалыққа қажетті материалдар мен техникалар сақталатын арнайы орындар және жұмысшыларға арналған кеңселер орналаспақ. Мұндай шешімнің бір тиімді тұсы қала кептелісі тазалық жұмыстарына кедергі болмайды. Сол арқылы әр ауданның алаңдары мен көшелерін мұнтаздай сақтау үшін көп уақыт үнемдейміз, — деген бөлім басшысы болашақтағы жоспарларға да тоқталып өтті.

Сонымен қатар еңбек нарығындағы маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылатын жұмысшыларының әлеуметтік қорғалуы бойынша да Ержан Айтмаханұлы ұйымның арнайы шараларына тоқталды.

— Еңбек кодексінде қарастырылған әлеуметтік пакеттен бөлек, егер сіз мекемеде 1 жыл жұмыс істесеніз, жалақыңызға 1 айлық еңбекақы көлемінде жәрдемақы беріледі. Еңбекақымыз әр айдың 10-на дейін түсіп отырады. Мемлекеттік мерекелерде әрқашан сыйақылар беріледі. Сонымен қатар ерекше көзге түскен жұмысшыларды мекеме мен жергілікті әкімдік тарапынан да марапаттаулар болады. Коммуналды мекемелер арасында өтетін спорттық шараларға да белсенді қатысады. 1 қарашадан бастап жол жұмысшылары мен жүргізушілерге 1 мезгіс ыстық тамақ беріледі. Сонымен қатар арнайы киімдер мен құрал-жабдықтар тегін үлестірілетін атап өтсем деймін, — дейді ол.

Бұл олардың тұрақты жұмыс орындары, лайықты жалақы, медициналық сақтандыру және зейнетақы аударымдары арқылы қамтамасыз етілгенін көрсетеді. Мұндай қолдау жұмысшылардың өмір сүру сапасын арттырып, еңбек өнімділігін жақсартады. Әлеуметтік қорғалған жұмысшылар қоғамның әл-ауқатын нығайтуға үлкен үлес қосады.

Сондай-ақ «Астана Тазалық» ұйымы кадр мәселесін шешуде және қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеруде белсенді қадамдар жасап келеді. 2024 жылы қызметкерлер Германия, Италия, Швейцария сияқты елдерге екі рет барып, тәжірибе алмасып келді. Одан бөлек, мекеменің арнайы техника жүргізушілері Еуропа чемпионатына қатысып, алғаш Қазақстан атынан өнер көрсетті. Қараша айынан бастап ұйым қызметкерлері үшін күнделікті семинарлар мен тренингтер өткізіліп, олардың біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Мұның барлығы қысқы мерзімде тиімді жұмыс істеу тәжірибесін жетілдіруді көздейді.

Бөлім басшысының сөзінше, қалада осындай жұмыстарды жүзеге асыратын арнайы қызметтер бар, олар мұзды жою үшін механикалық және химиялық әдістерді қолданады. Қар мен мұздың жиналуын болдырмау үшін Астанада жолдар мен тротуарлардың жағдайы тұрақты түрде тексеріледі, бұл Канада мен Финляндияның тәжірибесіне ұқсас.

Қаланың барлық көше қызметтері мен коммуналдық қызметтер қысқы тазалықты қамтамасыз ету үшін арнайы жоспарлармен жұмыс істейді, олар тек қарды жинау ғана емес, сонымен қатар көшелер мен жолдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кешенді шараларды іске асырады. Астана қаласындағы қысқы тазалау жұмыстары қалалық инфрақұрылымды қорғап, тұрғындардың денсаулығын сақтауға көмектеседі. Қыс мезгілінде қар тазалау жұмыстарының сапасы қаладағы жалпы өмір сапасына тікелей әсер ететіндіктен, Астана халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, өз инфрақұрылымын жетілдіріп келеді. Қала әкімдігі мен коммуналдық қызметтер бұл жұмыстарды тиімді ұйымдастыру үшін заманауи технологиялар мен экологиялық тәсілдерді қолдануды басты назарда ұстайды.



## ОЙТОҒЫС

7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

«Театр – көздің жасындай мөлдір нағыз хас сұлу өнер» дейді қазақтың Халық жазушысы, сыншы, драматург Ғабит Мүсірепов. Осы өлшем биігінен қарасақ, қазақ театры шынайы, жас сұлу өнер жасай алды ма? Егер жасай алған болса, театр тылсымының құпиясы қандай? Біз Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, театр режиссері, Өнертану PhD докторы, Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрының директоры Асхат Маемировпен әңгімелескен едік.

### Менің ұстанымым – көрерменнің сеніміне қылаудай кірбін түсірмеу

– Сіз сахналаған кез келген спектакль көрермен көзайымына айналып, театрға адам жинаудың өзгеше бір үлгісін қалыптастырды десек артық емес. Жалпы, сахналық қойылымдардың көрермен жүрегіне жол табудағы құпиясы қандай?

– Ең алдымен әр режиссер қойылымды алар кезде алдына биік мақсаттарды қою керек деп есептеймін. Тіпті, тек өнердің алдындағы мақсат емес, сонымен бірге ұлтқа, өскелең ұрпаққа не айтамын деген көкейкесті олар режиссерге маза бермеу керек. Режиссер өзі таңдаған шығарманың классикалық деңгейдегі ауқымына, ондағы көтерілетін тақырыптардың көркемдік көзқарасымен үйлесім табуына және ең бастысы өзектілігіне мән беру керек. Шығарма өзекті болса, яғни бүгінгі күн сұрақтарына жауап беретіндей болса, ол шығарманың жарқын болашағы бар деген сөз. Өзекті мәселеге жауап беруден басқа сахнада бейне сомдап жүрген әртістердің бойында көркемдік тұрғыдағы биіктік, суреткерлік тереңдік болуы керек. Сондықтан көшпенділердің «мінезін білмейтін атқа мінбейтін» тәмсілі сияқты туындыны өбден танып, режиссер тілінде айтсақ, өбден экспликациясы піскеннен кейін барып қойылымды сахналауға кірісеміз. Мысалы, режиссерлік көрсетілім жинаған «Гауһартастың» сахналық ғұмырының дүниеге келуінде жоғарыда айтқандықтай, белгілі бір деңгейдегі талаптар мен шарттардың әсері бар. 2023 жылдың 16 ақпанында сахналанған «Гауһартастың» биыл бұйырса, 25 желтоқсан күні 250-мәрте көрерменнің алдына шығады. Қазір «Гауһартастың» біздің рухани төлқұжатымызға айналды. «Гауһартастың» дүниеге келуіне әсер еткен фактор көп.

Мені тек режиссер емес, қазақтың өнерде жүрген перзенті ретінде, бүкіл шығармашылығын, өмірін осы өнерге арнап келе жатқан азаматы ретінде Қаңтар оқиғасы қатты толғандырғанын жасыра алмаймын. Мәселен, Қаңтар оқиғасы ұлттымыздың болмысын, әлеуметтік келбетінің қандай деңгейде екенін көрсетті. Қаңтар оқиғасынан кейін біздің қазақ қоғамында өкенің, ананың бейнесі қандай екенін, отбасы, шаңырақ дейтін аяулы ұғымның күнделікті өмірде қалайша көрініс тауып жүргенін, тамыры тереңде жатқан ұлттық отбасылық институттың түйінді мәселелерін зерделедім, сараптадым. Сөйтіп, «Гауһартастың» инсценировкасын жасап, сахналауға кірістім. Басында Дулат Исабеков ағамыз қатты қарсы болды. «Гауһартастың» повесі – Дулат ағамыздың 1967 жылы жазған тырнақалды туындысы. Қазақ әдебиетінің классикалық үлгісіне айналды, оқулық-

тарға енді. Ал 1975 жылы Шәріп Бейсенбаев ағамыз «Гауһартастың» фильмін түсірді. Көрсетілімі жағынан «Қыз Жібектен» кейінгі екінші орынды иеленді. «Енді Асхатжан, осындай ел мойындаған туындыны сахнаға шығарғаннан не табайын деп отырсың?» – деді Дулат аға. Бірақ мен: «Гауһартастың» қалайда сахналауым керек, өз театрымын жас әртістерімен қоюым керек», – деп табандап тұрып алдым. Гауһартастың сахналық өмірі болуы керек деп шештім. Повестің аты айтып тұрғандай, сахна кеңістігінің «Гауһартастың» жарқыратып қоямын, «жақұт қойылым» етіп шығарамын деп авторға уәде бердім. Мені құлшындырған театрдағы 21 мен 30 жастың аралығындағы дарынды жас әртістерімнің қуаты, актерлік әлеуеті еді. Дулат аға батасын берді. Сөйтіп, автордан прозалық шығарманың сахналық нұсқасын жасауға рұқсатын алдым. Қойылымның кілтін тауып, бірден әзірлікке кірістік. Екі ай жарым уақыттың ішінде қойылым дайын болды.

Нәтижесінде, сөз, ән, би үйлесім тапқан музыкалық драма жанрындағы спектакль жарыққа шықты. Дулат Исабеков ағамызбен қатар отырып, осы қойылымды бес рет көрудің сәті түсті. Екі рет Алматыда, үш рет Астанада. Дулат аға бесеуінде де көзінің жасын тия алмады. Автордың ортамызда жүруі, туынды халқындағы жазушылық ойы, кейіпкерлері туралы пікірлері біздің әртістерге серпін мен шабыт берді. Былтыр білесіздер, өнер саласындағы «УМАІ-2023» ұлттық сыйлығының жеңімпазы және «Жылдың үздік музыкалық драмалық спектаклі» атанып, 7 миллион теңге жүлдені жеңіп алды. Ал биыл 2024 жылы, халықтың ашық дауыс беруі арқылы бағалайтын «Тикетон» мемлекеттік театрлар арасында «Жыл қойылымы» деп «Гауһартастың» танылды.

– Алғаш Астанада Музыкалық жас көрермен театры ашқандағы мақсат қандай еді?

– Театрымыз 2020 жылы 14 желтоқсанда «Абай-Тоғжан» драмалық қойылымымен ашылды. Төрт жылдың ішінде 25 қойылымды сахналадық. Аз ба, көп пе білмеймін. Бірақ осы 25 қойылымды сахналауда театр әртістерінің маңдай тері ғана емес, сахна сыртындағы мамандардың да еңбегі зор. Мысалы, жарық қоюшы, дыбыс режиссері, декораторлар, сценографтар, киім суретшілері, дирижер, хормейстер, балетмейстер, композитор, ән өңдейтін мамандар, осылардың барлығының еңбегі жатыр. Меніңше, әрбір театр ашылған сәттен-ақ оның өзіндік эстетикасы мен стилі, тіпті өзіне тән ерекше көркемдік болмыс-бітімі болуы керек деп есептеймін.

Қазір біз отырған ғимаратта бұрын Қалибек Қуанышбаев театры болды. Тәуелсіздікпен иықтас 29 жыл еңбек еткен театр ғимаратына осы жылдар бойы астаналық көрермен жол салды. Сондықтан алғаш Астана қаласының әкімдігі «Асхат Максимумды, аналогы жоқ, тіпті кездеспейтін, тіпті кездесе де сирек кездесетін, сондай бір театрдың

құрылымын жасасақ» деп ұсыныс айтқанда, бізде жас көрермендерге арналған музыкалық театр жоқ екенін айттым. Әрине, опера театры, балет театры, музыкалық драма театрлары бар. Бірақ жасөспірімдерге, студент жастарға арналған музыкалық театр жоқтың қасы. Осындай жағдайлар ескеріліп, театр ұжымын жасақтауды қолға алдым. Бүгінде театрда 70 әртіс жұмыс істеп жатыр. Оның сыртында Руслан Баймурзин жетекшілік ететін камералық оркестр, Бауыржан Ақтаев жетекшілік ететін этнофольклорлық ансамбль және Болат Жолдасов жетекшілік ететін вокальды аспаптық ансамбль жұмыс істейді. Ақшасына билет алып келген көрерменге шынайы өнерді көрсету – басты мақсатымыз. Жалпы көрермен театрға неге жиі келуі керек? Біріншіден, олар сахна төрінен өздерінің көкірегіндегідей ой-арманды, өмірдің шындығын көргісі келеді. Екіншіден, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, әлеуметтің тыныс-тіршілігін өзінің бойынан, жүрегінен, санасынан өткізгісі келіп келеді. Ал біздің алдымызға қойған талабымыз – көрерменнің бізге деген сенімі мен үмітіне қылаудай болса да кірбін түсірмей, таза, саф өнерді, шынайы өнерді көрсетуіміз керек.

## ТЕАТРДЫҢ БАСТЫ ҚАРУЫ –

Өзім де көрерменге ешқашан өтірік айтпауға, алдамауға серт бердім. Жалпы, суреткер ретінде менің сахнадағы жалғандыққа жаным қас. Сахнадағы ешқандай қисынға сыймайтын жалған патетикаға, жалған мақамдап сөйлейтін дауыстар мен өтірік, жасанды күлкілерге, әртістердің жасанды мимикалары мен жасанды көз жастарына, қасірет шегу дегенге режиссураға, театр әлеміне келгеннен бастап жаным қас. Менің ойымша, театрдың басты қаруы – шынайылық, өмір шындығын көрсету. Біздің театрымыздың тағы да бір басты ерекшелігі – өнер кеңістігіндегі «мектеп-студия-театр» деген ұштаған ұғымды темірқазық етуінде жатыр. Біз театр әлемінің осы әдістемесі, бағыты бойынша жұмыс істейміз. Мұндай театрда тек рухтас, идеялас, мұраттас жандар еңбек етеді.

### АР ІЛІМІ ОТБАСЫНДА ЖИІ АЙТЫЛУЫ КЕРЕК

– Шынайылық, тазалық туралы айттып жатырсыз ғой. Жалпы, қазақтың ұрпақ тәрбиесіндегі үдеге беріктік, антқа адалдық, аманатқа сақтық секілді туа бітті мінезді, тұтас болмысты қалыптастыратын ұғымдардың бүгінгі күн тәртібіндегі маңыздылығы қандай? Сіздің ойыңызша, бұл қасиеттер қазір қоғамда қалай көрініс тауып жүр?

– Жалпы, ұлттық болмыс-бітім ұлттың мінезі арқылы көрініс тауып жатады ғой. Жасыратыны жоқ, бүгінгі жаһандану кезеңінде қазақтың мінезі бұзылып бара жатыр. Мұның себебі әлемде материалдық құндылықтардың қанат жаюынан шығар. Адам санасын материалдық культ құрсаулаған кезде рухани құндылықтар жетімсіреп қалады, тоқырап қалады. Қазір қазақтың қанында бар еректегі мінезі де, әйелдің мінезі де бұзылып бара жатыр. Қазақ «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» дейді. Расында да, сертке, үдеге беріктік секілді қасиеттерден айырылып барамыз. Азаматтардың асқақ тұлғасы ешқашан аласармауы



Асхат МАЕМИРОВ,  
Музыкалық жас көрермен театрының директоры:

## ТЕАТРДЫҢ БАСТЫ ҚАРУЫ –

керек. Азаматтарының арманы асқақ, мақсаты биік қоғам алға ұмтылады. Бұрынғыдай өкенің мысы, өкенің рухы, өкенің сесі болмайынша отбасында береке болмайды. Қоғамдағы қылмыс, келенсіз жағдайдың барлығы өке рухының төменшіктегенінен, әлсіздігінен болып жатыр деп ойлаймын. Өкенің айбары керек. Өкенің асқақ бейнесін арқау еткен спектакль қойсам деген ойым бар.

Өкені кез келген перзент санасы арқылы жақсы көреді. Мысалы, патриот деген сөздің өзі латынның Pater (әке) деген сөз. Балаға отанды сүю деген патриоттық тәрбие береміз ғой. Яғни, отанды сүю үшін барлық жерде балаларға патриоттық тәрбие беріледі. Отанды адам санасы ояу тұрғыда, сергек сезіммен жақсы көреді. Сол сияқты қоғамға әкелік махаббат көбірек керек сияқты. Себебі адам өкені саналы түрде жақсы көрсе, ананы ессіз, себепсіз жақсы көреді. Өйткені анамен туғаннан кіндігің байлаулы. Ананы неге сүйетінін түсіндіре алмайсың. Ал әкеге келгенде адамның ойында сыни талдау басталады. Жігіттердің бойына жігер, қайрат, ішкі рух, намыс секілді қасиеттер орнығуы үшін балалар әскерге барғаны дұрыс. Театрда да, кез келген ортада жүргенде жастарға азаматтық борышынды өтеп келу керек деп үнемі айтып жүремін. Мемлекеттің қуатты әскері болуы үшін азаматтарымыздың рухани өзегі мықты болуы тиіс. Олардың жан сарайында семсердей сертке беріктік, адамгершілік, ізгілік, ар-иман салтанат құруы тиіс. Жастарымыздың қанында тектілік секілді феномендер ағып жатса, кемелденген ел ретінде дами беретініміз анық. Егер мінез жоғалса, ұлт жойылады.

– Біздің түсінімізде мінез, адамгершілік туа бітті, ана сүтімен сіңетін қасиет саналады. Бірақ адам бойына тәрбие арқылы ұлт мінезін сіңіруге бола ма? Сіз өз шәкірттеріңізді қалай тәрбиелейсіз?

– Қазір есіме түсіп отыр. 5-6-сыныпта оқып жүргенде «Кім бола-

мын?» деген атаумен диспут кештер өтетін. Сонда мен «Тәрбиеші боламын» дедім. Өзіңіз білесіз, ауылдың мектебінде, интернатта тәрбиешілер бар ғой. Сондықтан болар, менің сөзіме сыныпта оқушылардың бәрі күлді. Басқа балалар жарышкер, инженер боламыз деп жатқанда мен неге тәрбиеші боламын деп айтқандым сол кезде өзім де түсіне алмадым. Бірақ сол өзімнің миссиямды қазір түсініп жүрмін. Театрда қойылымдар қоя жүріп, университетте болашақ кәсіби әртістерді дайындай жүріп, расында да тәрбиешіге, ағартушыға айналғандаймын. Мен әрқашан өзімнің отбасымдағы бақытты сәттерді, отбасымдағы рухани үйлесімді театрға, шәкірттеріміздің ортасына алып келемін. Неге? Өнерде «Театр-шаңырақ» деген ұғым бар. Ұжымдағы көп жастар мені өнердегі әкесі ретінде, рухани ұстазы ретінде санайды. Шәкірттерім кейде әкесіне батып айта бермейтін сырларын маған айтады. Әрқайсысымен сырласа аламын. Бұл менің ашықтығымнан, сыр сақтай алуымнан болар деп ойлаймын. Өнерде ең алдымен әртістердің жақсы азамат болуына ұйытқы болуым керек деген ой маза бермейді. Театрымыз құрылған осы төрт жылдан астам уақыттың ішінде, біздің ұжымда бір-біріне үйленген 15 отбасы дүниеге келді. Яғни, бір жерде еңбек ететін 30 қызметкер, 15 отбасы таңертен жұмысқа бірге келіп, кешке үйлеріне бірге қайтады. Шәкірттеріміздің үйлену тойынан бастап шаңырақ құрғаннан кейінгі кезеңдерінде де тәрбиелік, рухани ұстаздық жолымды, жөнімді үйретулен талмаймын. Тіпті, дүние есігін ашқан сәбилеріне де, өнердегі немерелеріме мейірім төгуге тырысамын. Менің өмірлік серігім Нұргүл Бекетқызы да Өнер университетінде студенттерге кәсіби ағылшын тілін сеніп сабақ береді. Димаштың анасы Светлана Айтбаева мен Нұргүл екеуі театрдағы жас отбасылардың сәбилерін бесікке салу, тұсау кесу секілді ұлттық салт-дәстүрімізді жасау кезінде ортамыздан табылып, өздері-



## ОЙТОҒЫС

7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

нің білгендерін жастарға үйретуден талмайды.

**Ш**әкірттерімізге ұлттық құндылықтарды өздері құрған шаңырақтың темірқазығы қылып сақтап қалу үшін рухани құндылықтарды ұқтыру мақсатында өзіміздің отбасылық тәжірибедегі түйген ой-толғаныстарымызмен жиі бөлісемін. Яғни, отбасындағы отағасы мен отанасының рөлі қандай, жас келін, күйеу жігіт қандай болу керек, азаматымен қалай сыйласа білуі керек, осының бәрі қоғамның, мемлекеттің мықты, берік іргетасы болуы үшін маңызды. Мен үшін сөзім мен жасап жүрген әрекетімнің үйлесім табуы маңызды. Сондықтан өз ұлдарыма да, өнердегі шәкірттеріме де өмірдегі жасап жүрген әрекетім, сөзім, жүрісім, жақсылыққа жаршы болатын жасампаз істерім үлгі болса, ізімен келе жатқандарға импульс бере алғаным деп ойлаймын.

Ал отбасында әке мен ана — баланың пікірімен санасуы арқылы ғана, оларға мейірім, махаббат сыйлай алатынын ұмытпауымыз керек. XXI ғасырда өмір сүріп жатқандықтан, баланың ішкі ой еркіндігі қалыптасуы үшін, бала қоғамның белсенді бір мүшесіне айналуы үшін дастарқан басында еркін пікірталас

соның үшеуі де жоқ. Бірақ ол балада дүниеге деген мөлдір көзқарас бар, қоршаған ортаға деген өзінің түйсігі, танымы мен тағылымы бар. Кейде таланттың бұлақ бастауы таза көзқарастан, шынайы мөлдір танымынан пайда болады.

Ал театрдағы әртістерімнің таптаурындылыққа түсіп кетпеуін өзім жиі қадағалаймын. Себебі таптаурындылыққа түсіп кетті деген тоқтайды, тоқырайды деген сөз. Рөлдерінің бәрі бір-біріне ұқсап кетеді. Сондықтан жанрлық сипаты бір-біріне ұқсамайтын рөлдерді көп



нен артық кім жеткізе алды. Шәкәрімнің рухани формуласын, Шәкәрімнің тек суреткерлік емес, рухани әлемін көрермендердің санасына шуақ етіп шашсақ, сәуле етіп құйсақ, рухани дән қылып ексек деген мақсатта «Шәкәрімді» сахнаға дайындап жатырмыз. Оған кем дегенде жүз, жүз елу адам керек болады, Шәкәрімнің әндері де айтылады, күйлері де тартылады, өлеңдері оқылады. Ең бастысы ұлтына рухани кемелдер ретінде үлкен жол көрсетіп кеткен тұлғаның бүкіл өмірі мен қилы тағдырын шығармашылық

ліркеген көрермен тек Қытайда ғана емес, Өзбекстанда, Монғолияда, Ресейде де бар. Өзіміздің елімізде де біздің келгенімізді сағынып, аңсап, күтіп отырған республиканың түкпір-түкпіріне гостролдік өнер сапарларын өткізу жоспарымызда бар.

### ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕЛЕРІМІЗДІ ӘЛЕМДІК ТЕАТР КЕҢІСТІГІНДЕ СӨЙЛЕТЕ АЛСАҚ...

— Қазақтың халықтық философиясы Шәкәрімнің «Келдім қайдан, барам қайда, не етсем пайдам» деген тұжырымымен түйінделетін сияқты. «Болашақ» бағдарламасымен шетелде оқып келдіңіз, жалпы Еуропа, батыс мәдениетінен біздің өнер театрымызға қандай элементтерді алып келу керек және нені әкелмеу керек деп ойлайсыз?

— Театр екі бағытта өрбиді, дамиды. Оның біреуі — дәстүрді сақтай отырып, өнердегі сабақтастықты үзбей жалғастыру арқылы дамыту. Екіншісі — заманауи театр әлеміндегі лабораториялық тәжірибелік ізденістерді, яғни жанашылдықты ту ету. Мендегі мақсат — өзіміздің ұлттық рухани мәдени құндылықтарымызға, өзіміздің ұлттық рухымызға уызынан жарыған адам ретінде дәстүрді, қазақтың этнографиясын, дүниетанымын жас ұрпаққа дәріптеу, халықаралық аренаға айшықтап шығару. Ал шетелдегі инновациялық мәдени ізденістерден, сценографиялық, режиссерлік тұрғыдағы өзгеше бір техникалық жаңашылдықтарды қысылмай әкелуге болатын секілді. Себебі театр әлемге ортақ өнер. Театр режиссурасы мен сценографиясында шекара болмайды. Сахналық мизансцена түрлерінің қай-қайсысы да әрбір елдің театрларына тән. Адам бойындағы сезімдердің барлығы барлық халыққа тән. Бірақ кейбір ұлтымыздың рухани болмысын айшықтайтын дүниелерді сахналау кезінде өте қырағы болуымыз керек. Мөлдір де кастерлі туындыларымызды былғамауымыз керек. Менің ұғымымда

мін. Қазақ драматургиясы, тіпті әлемдік драматургия болсын, театр репертуарына алар кезде, осы қойылыммен «қоғамға не айтамын, ұлтқа не беремін» деген сұрақты өз-өзімізге қойып отыруға тиіспіз.

— Бөлмеңізге кіргенде Әлихан, Ахмет, Міржақыптың портреті көзге бірінші түседі екен...

— Менің өмірімде жастық максимализмге тән кезеңдер де болған болар. Қазір мен, менің замандастарым Әлихан, Ахмет, Міржақыптардың жасындамыз. Сондықтан біздің жасымызда шетелге еліктеу, өзінің ұлттық құндылықтарынан ұялу — кембағал психология болып есептеледі. Осындай бір құлдық психология мен комплекс жастарымыздың бойында мүлдем болмауға тиіс. Мені ұлттық дүниелерімен әлемдік театр кеңістігінде не айтамын деген ой жиі ойландырады. Мен де елу жастан астым. Үш немереге атам. Өзімнің өмірімді бейнелі түрде үш кезеңге бөліп қарасам болады. Мәселен, Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» бәрімізге таныс. Қожа кәдімгі ұлттық колоритке, ұлттық мінезге бай қазақ балаларының типтік бейнесі. Біз де бала кезімізде Қожа болдық. Қожа мінезінің ар жағында жақсылық жасау, мақсатына деген ұмтылыс, есті еркелік бар. Ал 20 жастан бастап 40-қа дейінгі кезеңде өзімді Антон Чеховтың «Шағала» драмасындағы Треплев болдым деп ойлаймын. Треплев секілді театр деп аталатын үлкен кеңістікте өзіміздің ішкі суреткерлік «Менімді» іздедім. Кейіпкер — Треплев сияқты мен де қатып қалған қасан қағидаларды сындыруға тырыстым. Сол «сахналық қағидалардан» шыға отырып, өзгеше бір көркем өлем жасап жүрмін деп есептеймін. Кім біледі. Әлі де ізденуден талмай, өнердің жаңа көкжиектерін танумен келемін. Ал қырықтан асқаны он жыл уақыт болды драматургиядағы көркем бейнелердей емес, шынайы ұлтқа қызмет еткен тұлғалардай болсам деген асыл мақсат мені қатты толғандырады. Осы бір

# ШЫНАЙЫЛЫҚ

болуы керек. Әкеге деген құрмет, анаға деген ізет міндетті түрде отбасында қалыптасуы керек. Қазір түрлі коучтар, психологтер Еуропадан, Ресейден келген менталитетке қатысты психологиялық дәрістер мен сабақтарды қазақ тіліне тікелей аударма жасап алып, соны жеткізгісі келеді. Жер ортақ болғаннан кейін адам баласының мінезіндегі сүйініш, күйініш, қорқыныш махаббат секілді сезімдер барлық ұлтқа тән шығар. Бірақ қазақтың өзінің тамыры тереңде жатқан отбасылық институты бар. Ол институтқа әкесінің асқақ, ананың аяулы бейнесі бар. Әйел — отбасының шуағы, жылуы, мейірімі. Ал әке — киелі дінге, темірқазық. Ар-ожданнан сақтау, ала жіптен аттамау, намыс мәселелері, жалпы ұлтымыздың ар ілімі мектепте емес, отбасында жиі-жиі айтылып отыруы керек. Сондай-ақ менің сахна төрінен көрермендерге айтатын, шәкірттеріме беретін ұрпақ тәрбиесі, ұлт тәрбиесі хақындағы азаматтық ұстанымдарымның тұжырымдамасы — шығармашылығымның, көркемдік қойылымдарымның, суреткерлік көзқарастарымның рухани өзегінде жатады десем болады.

### ТАЛАНТТЫ МӨЛДІР КӨЗҚАРАСЫНАН ТАҢУҒА БОЛАДЫ

— Театр актерлерін қалай таңдайсыз? Қазір өнерге келетін жастар көп пе?

— Актер таңдауда, әртістермен жұмыс істеуде әртүрлі әдістемелі қолдануға мүмкіндік беретін театр педагогикасында ұстаздық етіп жүрген кызметім де әсер ететін тұстары бар. Себебі мен талапты баланың алғаш университет табалдырығын имені аттаған, өнер әлемінің есігін ашайын деп жатқан сәтінен бастап бойындағы таланттың тап басуға дағдыланғанын. Бір бала керемет би билейді. Біреуі ән орындағанда табиғи даусымен тәнті етеді. Енді біреуі көркем сөз оқу арқылы өзінің дарынын дәлелдейді. Ал бір балада

беруге тырысамын. Кейбір қойылымдарда баласы мен әкесін ойнап жүрген актер бір-бірімен жасты болуы мүмкін. Ондай кезде артистің ішкі әлеуетін пайымдап отырамын. Меніңше, театрда еңбек ететіндер адамтанумен айналысады десем қателеспеймін. Режиссер — шығармашылықтан, суреткерліктен бөлек, адамтанушы. Сондықтан көбіне рөл бөлер кезде және қай рөлге кай әртістің ампуласы келеді, қай рөл табиғатына жақын, табиғатына қарама-қарсы екенін елеп-екшер кезде адамтанушылық тәжірибем көмектеседі.

Қазір актер болсам деген жастар өте көп. Бұл жақсы, әрине. Отыз талапкер келсе, соның екеуінің мақсаты басқа болуы мүмкін. «Тезірек танымал болсам» деп келетіндер де бар. Бір жағынан жастардың сол өнерге қатысты техникалық мамандықтарға да (сценография, жарық қоюшы, дыбыс режиссері т.б.) көбірек барғанын қалаймын. Бұл мамандықтарға еліміздің театрларында сұраныс көп. Театрларда техникалық мамандар жетіспейді. «1 Негізі, пайыз талант, 99 пайыз еңбек» қағидасы өнер адамы үшін басты ұстаным болуы тиіс. Өнердің биігін бағындыру жолында тынымсыз еңбек ету, тер төгу, ізденуден талмау — басты шарт.

— Сізді режиссер ретінде не алаңдатады? Аласармау, абырой биігінде қалу тұрғысынан алғанда болашақ жоспарыңыз қандай? Репертуар таңдағанда нені басшылыққа аласыз?

— Бүгінгі бағындырған биікті аласартпау, тіпті 25 қойылымның көркемдік деңгейін түсірмей бабында ұстап тұруға да күш, актерлердің шығармашылық еңбегі керек.

Ермек Аманшаевтың «Шәкәрім» тарихи драмасын арнайы өтініш білдіріп жаздырғанбыз. Осы туындыны сахналау үлкен жоспарда тұр. Мұндағы мақсатымыз — кемел адам, адал адам, бойында әділет, еңбекқорлық үйлесім тапқан кәдімгі толық адам философиясын сахнаға әкелу. Қазақта кемел адам философиясын Абай мен Шәкәрім-

шеберлікпен көрсеткіміз келеді. Бастысы ұлтты сую, елді сую, ұлтқа деген қызметті көрсете алсақ деген ойымызды іске асыру.

Әлемдік классикалық драматургияларды сахналауға артистердің қарым-қабілеті, кәсіби шеберлігі пісіп жетілді деп есептеймін. Сондықтан Антон Чеховтың өмірінің соңғы жылдары жазған «Иванов» деген дүниесін сахналасақ деген ойым бар. «Иванов» қазақ тіліне аударылмаған, соны қазақ тіліне көркем тәржіме жасай отырып, шығармадағы адамзаттық мәселелерді көтерсек дейміз. «Қайткенде адам қалады, адам болып» деген мәселені сахна тілінде сөйлетсек. Шекспир шығармаларын сахналайтын кезеңге де жақындаған сияқтымыз. Оның да уақыты «пісіп» келе жатыр. Келесі жылдың аяғына қарай «Жау жүрек мың баланы» саунд-драма жанрында қойғымыз келеді. Ондағы мақсат елді қорғайтын жас батырлардың өмірі мен қаһармандығы арқылы бүгінгі ұрпақтың бойында отаншылдық, патриоттық рухшылдық, елжандылық сезімді биіктеткіміз келеді. Елді қорғау, жерге қорған болу әрбір азаматтың борышы екенін көрсетсек дейміз. Мұқағали Мақатаевтың «Қош, махаббат» шығармасын бөлек, өзгеше бір формада сахналау жоспарымызда бар.

Біз музыкалық театр болғандықтан, қазақтың көрнекті композиторы Төлеген Мұқамеджановтың әндерінен «Қимай сені барамын» атты отандық мюзикл және «Есіңе мені алғайсың», «Көздеріңе ғашықпын» деген өдемі әндер жазған Лена Әбдіхалықованың да керемет әндерінің негізінде мюзикл сахналауды жоспарлап отырмыз.

Келесі жылы Қырғызстанға, Әзербайжанға халықаралық театр фестиваліне қатысуға шақырту алып жатырмыз. Биыл Астананың Мәскеудегі өнер күндері шенберінде «Қыз Жібек» пен «Гауһартасты» алып, Ресейге барған болатынбыз. Қытайдағы қандастар да шақырып жатыр. Қазақтың театр өнеріне шө-



М.Әуезовтің «Қаракөзі», «Еңлік-Кебегі», сондай-ақ Ф.Мүсіреповтің «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиялары — ұлтымыздың аяулы ары мен ұяты, асыл арманы. Сондықтан осы «Ар» деп аталатын мөлдір айдынымызды ешқашан лайламауымыз керек. Кейде шетелдік жаңашыл дүниелердің кейбірі тансық емес, қансық болып шығуы да мүмкін. Одан сақ болғанымыз абзал. Келсін, келмесін жылтырақ дүниені жапсыра беру ұлттың өнерін биіктетпейді. Ұлттық дүниелерді сахналар кезде осындай бір жауапкершілікке құрылған ішкі таразы, ескейтін елек менің санамда да, жан сарайымда да отырады. Жас режиссерлерімізді Әуезовті, Аймауытовты, Мүсіреповті, халықтық эпостарымызды сахналар кезде «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деген әрекеттен аулақ болса екен дей-

санамдағы ой-толғақтар жұмыс бөлмедегі Әлихан, Ахмет, Міржақып сынды ұлт зиялыларының портреттеріне қарап, олардың бейнесімен сырласуға итермелейді. Әзербайжан Мәмбетов, Болат Атабаевтың бейнелерімен ойна сырласып, тілдесіп отырамын. Бұл сырласудың астарында адамның ойын жинақтайтын, суреткерлік етек-женімді түзеп отыруға мүмкіндік беретін бір тылсым құдірет бар. Біз арақтан именетін халықпыз ғой. Алаштың рухани ұстазы саналатын халқымыздың аяулы ұлдарының биік тұлғасы менің де шығармашылығымға, азаматтық ұстанымдарыма үлкен серпін беріп келе жатыр.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ



## ЖАҢАН САРАП

7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Грузияда наразылық акциясы жалғасты. Басталғанына аптадан асқан шерулер өткен түнде алғаш рет күштік құрылымдардың жаппай ұрып-соғуынсыз, аяусыз басып-жаншуынсыз бейбіт аяқталды. Түнде тараған халық таң аздаң қайтадан алаңды толтырды. Бұған дейінгі тактика бойынша кеш түсе, арнайы жасақтар мыңдаған адам нөпірін әй-шәйға қаратпай, Парламенттен аулақтатып, Руставели даңғылына «құятын» ұсақ көшелер мен орамдарға тықсыратын. Сөйтіп, шағын топтарға ажыратып, бөліп тастаушы еді. Бұл ТМД-ның бір пұшпағындағы жағдайдың тыныштана бастағанын білдіре ме?

Олай деп айтуға ерте. Елдің Ішкі істер министрлігі тұтқындаулар жалғасатынын білдірді: «Заң бұзғандардың бәрі көше камералары арқылы ертелі-кеш анықталады. Ағымдағы іздеу іс-шаралары аясында агрессивті топтар жасап жатқан барлық қылмыстық әрекет тергеледі. Айыптылар Грузия ҚК-нің 187 және 353-баптарымен тиісті жазасын алады» деп сес көрсетті ведомство өз мәлімдемесінде. Соңғы бап 7 жылға дейін абақтыға жабуды қарастырады.

Осы кезге дейін полицейлер көшеде, үйде, жұмыс орнында қолына кісен салып, алып кеткен демонстранттардың саны 350-ден асты. Айып әртүрлі: суатқыш машинасы ортеу, Парламент ғимаратын жарып жіберуге талаптану, Молотов коктейлін жасап әкелу, күштік құрылым қызметкерлерін шабуылдау, топ болып зорлық-зомбылық жасауға қатысу немесе оны ұйымдастырып, басшылық ету, билікке қарсы күш қолдануға жұртшылық алдында үндеу...

Бет-жүзі, түр-тұлғасы анықталғанын тұтқындау үшін оппозициялық партиялардың кеңселеріне, азаматтық белсенділердің үйлеріне рейдтер жүріп жатыр. Жергілікті сарапшылар полиция кісендеп әкетуі үшін тінту кезінде пиротехника, маска-респиратор, жаңбырдан қорғайтын полиэстер плащ не бояулар табылса жеткілікті екенін ескертіп, ондайдан тез арылуға кеңес береді. Шеру ортасынан түсірілген видеоларды да смартфоннан өшіріп тастаған жөн.

Бірақ күш құрылымындағылар күлтемір емес, адам. Ішкі істер министрлігінің биік лауазымды тұлғалары жүйкесі шыдамай, өз еркімен отставкаға кету туралы арыз жаза бастады. Соның ішінде шерушілерді қуып таратуға жұмылдырылған жасақтарды басқаратын және олардың іс-қимылын жоспарлайтын ПМ Желел жоспарлау басқармасының басшысы Ираклий Шайшмелашвилидің өтініш жазғаны қоғамды дүр сілкіндірді. Ол отставкасы туралы арызын министрдің алдына ақырын қойып, тып-тыныш тайып тұрған жоқ. Онысын Facebook-те жариялады. Онымен шектелмей,



## ГРУЗИЯНЫҢ ДОСЫ ЕМЕС

өз постының соңына Грузия мен Еуроодақтың туларын бейнеледі, яғни шерушілер жағына шыққанын аңғартты.

Айта кету керек, басталғанына он күнге таяп қалған наразылық акциялары билік басындағы «Грузин арманы» партиясының Еуропалық одаққа мүше болу келіссөздерін 2028 жылға дейін тоқтатып тастау туралы шешімінен кейін басталды. Содан бері ПМ-нің бірнеше ірі шендісі отставкаға кеткенін мәлімдеді. Оппозиция мұны «жүйенің күйрей бастауының» нышанына жорыды.

Грузиялық ақпарат құралдары ондаған ПМ шендісі ың-шыңсыз кетіп қалғанын айтады. Мәселен, Батуми жағалау күзетінің теңіз қауіпсіздігі басқармасының ексбастығы Гоча Беридзе Шайшмелашвилимен бірге оның 4 орынбасары, арнайы мақсаттағы жасақтың 16 тәжірибелі нұсқаушысы, психологиялық даярлық қызметінің бастығы мен 12 қызметкері, суатқыштар операторларының бүкіл командасы (16 маман) отставкаға кеткенін жария етті.

Содан болар, кейінгі кезде суатқыштар күннің ызғарында шерушілерді мұзға қатырмай, үнсіз тұр. Бір қызығы, соның алдында көшедегі бейнекамералар суатқыштың бірі қысыммен атқаланған суды арнайы жасақ жауынгерлеріне бұрғанын тіркеді. Сонда сарапшылар мұны аласқұлесте оператор қателескен болар деп болжаған.

TV Pirveli арнасы Конституциялық соттың бүкіл аппараты (судьяларсыз), Әділет министрлігі, прокуратураның бір бөлігі шерушілерді қолдап шыққанын жеткізді.

Грузияда болатын бұрынғы халық толқулары ел астанасымен шектелуші еді. Бұл жолы жаппай бас көтерулер Тбилиси, Батуми, Гори, Зугдиди, Кутаиси және басқа қалаларын қамтыды. Наразылық білдірушілерді бизнес қолдады. Ондаған мың адамды транспаранттармен, Грузия-Еуроодақ туларымен, басқа керек-жарақпен қамтамасыз етуді, тегін тамақтандыруды, тасымалдауды, жараланғанына медициналық көмек көрсетуді өз мойнына алды.

Қалай болғанда, бұл халық наразылығының немен аяқталатыны белгісіз. Тіпті, ол басылып қалғанын өзінде алда қайта бұрқетуі мүмкін. Өйткені қазақтың

«асыққан сайтан ісі» деген даналығына бас ұрмаған «Грузин арманы» дегбірсіздік танытып, Президент сайлауын биылғы 14 желтоқсанға шұғыл белгіледі. Грузия премьер-министрі Ираклий Кобахидзе ел тарихындағы тікелей халық сайлаған соңғы Президент Саломе Зурабишвилиден дереу отставкаға кетуін талап етті. Түсіндіре кетер жайт, билеуші партия жаңартқан жана заңнама бойынша енді Грузия президентін халық сайламайды, оны парламенттік сайлауда жеңген билеуші партия өзі тандап алады.

«Грузин арманы» партиясы келесі президент — футболшы Михаил Кавелашвили болатынын жариялады. Сонымен де жұрттың ашуын туғызды. Ел оның тіпті жоғары білімінің жоғын, ал саясатта нағыз «дымбілмес» екенін бетіне басты. Билік райынан қайтар емес.

Грузия билігінің кейінгі кездегі түсініксіз тірлігін бірқатар халықаралық саясаттанушы «саяси суицидке» тенеіді. Негізсіз еместей. 2024 жылғы 26 қазанда өткен парламенттік сайлауда ресейшіл «Грузин арманы» партиясы айқын басымдықпен жеңді. Ол бір палаталы Парламенттегі 150 орынның 89-ын қанжығалады. Яғни, ол ешкіммен ынтымақтаспай, кез келген заңды өз бетінше, басым дауыспен қабылдай береді.

Ресеймен жауласпай, бейбіт дамуды, алыс-берісті өрістетуді ұсынған партияның ұстанымы, әсіресе ауылдық елді мекендерде тұратын сайлаушыларға ұнапты. Мұның сыртында «Грузин арманы» сайлауалды бағдарламасында еуроинтеграцияға тіпті де қарсы емесін, бірақ «Еуропалық отбасына» босағандан орын алатын кедей туыс ретінде емес, экономикалық дамыған, беделді, сыйлы мүшесі ретінде кіруді ұсынды. Ұраны да: «Еуропаға — ар-абыроймен!» болды.

Алайда сайлауда жеңгеннен кейін саяси күш халықты билікке қарсы қойған арандатушылық істерге кірісіп, грузиндердің төбешашын тік тұрғызған мәлімдемелер жасай бастады.

Мысалы, 2012 жылы «Грузин арманы» («Картули оцнэба») партиясының негізін қалаған, қазіргі Грузияның бейресми «Ұлт көшбасшысы» саналатын олигарх Бидзина Иванишвили отарлағаны

үшін абхаздар мен осетиндерден барлық грузиннің тізерлеп кешірім сұрауға тиіс екенін мәлімдеді. 2008 жылғы 8 тамыздағы Ресеймен соғыста Оңтүстік Осетия мен Абхазиядан айырылып қалып, жерінің тұтастығы мен егемендігінің бұзылуынан әлі күнге жүрегі жаралы болып жүрген жұртшылық бұған не жыларын, не күлерін білмеді. Бұған қоса, билеуші партия өкілдерінің 2008 жылғы Ресеймен соғыста Отанын қорғаған грузин қаһармандарының ісін қарап, қылмысы болса, сотқа дейін жеткізу туралы уәдесі елді тіксінтті.

Би-Би-Си сарапшылары Грузия билігінің неге екені белгісіз, қоғамды өзімен қақтығысқа саналы түрде арандатып отырғанына назар аударды. Мысалы, 26 қазандағы парламенттік сайлаудан кейін Германия, Украина, Балтық елдері, Ирландия мен Польшаның еуропалық істер комитеттерінің төрағалары бірлескен мәлімдеме жасап, Еуропалық одақты Грузиядағы сайлаудың нәтижелерін мойындамауға шақырды. Еуроодақ оған бармады. ЕО төрағасы Венгрияның премьері Виктор Орбанның сапар жасап, «Грузин арманын» жеңісімен және позитивті, еркін әрі демократиялық сайлау өткізуімен жеке құттықтады.

Осыдан кейін «Грузин арманы» дау-жанжалдан аулақ болып, бетегеден биік, жусаннан аласа күй кешуге, бейбітсүйгіштік танытуға тиіс еді. Мүлдем керісінше жасады. Мысалы, парламенттік сайлауда жеңілгенін мойындамағанымен, еншісіне мойынсұна бастаған оппозиция сайлаушыларды сатып алу, бюллетеньдерді бума-бумасымен салу, жүйелі манипуляциялар жасау белең алған бірлі-жарым сайлау учаскесіндегі дауыс санау қорытындыларын жоюды, кейбірінде бюллетеньдерді қайта санауды сұрады.

Айтпақшы, 2020 жылғы парламенттік сайлауда да ұқсас айыптаулар болған. Бірақ сонда жеңген «Грузин арманы» қазіргідей қоғамды қаққа жаруға тырыспай, байыпты қимылдап, қарсыластарымен бітімге келуге тырысты. Өйткені ол өзін «ел игілігіне, экономиканы ілгерілетуге еңбек ететін прагматик менеджерлер партиясы» деп ұсынды. Бейбітшілік, тұрақтылық пен

тыныштықты басты құндылығы санайтын партия ретінде кез келген диалогке ашық екенін көрсетті. Сонда бұл стратегия өзін ақтады. Грузия Еуропамен, Ресеймен қатынасын жақсартты.

Бұл жолы «Грузин арманы» сайлауға қатысты дау-шарғының тігісін жатқызып, татуласу жолын іздеу орнына ашық тайталас-конфронтацияға барды. Оппозициямен келіссөз жүргізуден, тіпті сөйлесуден үзілді-кесілді бас тартты. Парламентке өткен өзге 4 партия мандаттарын алмай қойса, депутаттық корпус оларсыз жұмысын бастайтынын жариялады. Бірде-бір сайлау учаскесінде дауыс қайта саналмайтынын шорт кесті. Нағыз партиялардың сұраған сыпайы ұсынысын қарастырып, бірлесе шешім іздеу орнына билеуші партия олармен арадағы кез келген араздық пен алауыздықтың шоғын үрлеп, өртке айналдыруға барын салды.

Саяси технология тұрғысынан алғанда, «Грузин арманы» сайлаудан соң өз абыройын түсіруге, қоғамды поляризациялауға, қақтығыстарды өршітуге бүкіл күшін шоғырландырды. Оның тапсыруымен Конституциялық сот оппозицияның айналдырған 2 талап арызын қабылдамады. Оның бірін Президент енгізгенін де елемеді.

Ол аз болғандай, Тбилиси басты инвестор санатындағы Еуроодақ пен АҚШ-ты қорлай бастады. Оның соны «Грузин арманының» Еуропалық одаққа кіру туралы келіссөздерді 2028 жылға дейін тоқтатып тастауына, сондай-ақ ЕО-ның барлық бюджеттік грантынан бас тартуына соқтырды. Грузиялық заңгерлер Еуропадан аулақтау шешімінің Конституцияға қайшы келетінін айтқанына да пысқырмады.

Осы арқылы билік Грузия мен Батыстың арасына сына қақты. Кеше АҚШ мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен Американың Грузия билігіне қарсы жана санкциялар енгізетінін жариялады. Ұжымдық Еуропа да осы үлгіге жүгінбек.

Politico сарапшылары Грузия билігінің бұл қисынсыз тірлігінің түпкі мақсаты мен астарын іздеді. Тоқтамы көңілсіз: «елдің тізгінін ұсынып ұстаған олигарх Иванишвили бостандық сүйгіш грузин қоғамының рухы мен ерік-жігерін тізеге салып, күйретіп, елде төл диктатурасын түпкілікті орнатуға тырысып жатқан жоқ па?» деген сұрақ туындайды.

Ал Грузия халқына Еуропаға апарар жол керек. Бұл елге сапарлаған қазақстандықтар байқаған болар: ірі қалаларда жастар орысша білмейді, ағылшынша біршама жақсы сөйлейді. Олар жоғары табыс іздеп Еуропаға барады. Дүкендерде грузин және ағылшын тілінде қызмет көрсетіледі. Сондықтан саясаттанушы Гела Васадзеңін айтуынша, билік еліне жағымды болғысы келсе, онда елдің ашынысын және түсінбестігін туғызған бастамаларына бас тартып, еуроинтеграция даңғылына оралғаны жөн. Грузияны тығырықтан гүрзі жұдырық емес, бәтуалы бітім ғана шығара алады.

Елдос СЕНБАЙ



## ЖАҢАН САРАП

7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Соңғы оншақты күн бойы жаһан жұртының назары тағы да Сирияға ауды. Шам өңірінде бұлғақтың басталғанына он үш жылдан асқанымен, соңғы кездері аймақта біршама тыныштық орнағандай көрінген. Бірақ 27 қарашадан кейін өңірдегі жағдай күрт өзгерді. Башар Асадқа қарсы әрекет етіп жүрген қарулы топтар шабуылға шықты. Қазір бұл елде соғыс өрті өршіп тұр.



## Амангелді ҚҰРМЕТ

Жалпы, 2011 жылдан бері ежелгі Шам өлкесі түрлі қарулы топтар шоғырланған, ірі державалардың мүдделері қаттығысқан аймаққа айналған болатын. Бұл елдің аймағында діни халифат құруды мақсат еткен атышулы ДАИШ тобы да, ресейлік «Вагнер» жеке әскери компаниясының жасақтары да, түрік прокси күштері де, күрд жасақтары да, Башар Асадтың ресми қарсыластары саналған қарулы оппозиция да ұрыс салғаны бар. Қазақстан Сириядағы қырықпышақ болып қырыққан топтарға кездесу алаңын ұсынып, «Астана процесі» де өткен-ді. 2017 жылдың қаңтарында Астанада Ресей, Иран, Түркия, АҚШ пен БҰҰ, Сириядағы бірнеше топтың өкілдері қатысқан кездесу өткен. Сирия мәселесіне арналған 22-ші кездесу биыл 11 қарашада Астанада өткен-ді. Арадан екі апта уақыт өткенде қарулы қаттығыстар қайта өршіді.

## «ҚУРАМА ОППОЗИЦИЯ» ШАБУҢ БАСТАДЫ

Соңғы мәліметтерге қарағанда, Асад режиміне оппозициядағы күштер 27 қарашада шабуылға шыққан. Ұрысты радикал ұстанымдағы «Хаят тахир аш-Шам» тобы бастады да, оған аймақтағы өзге күштер қосылып кетті. Сөйтіп, Алеппо, Тел-Рифат, Хама тәрізді қалаларды алып, Хомс қаласына қалай жылжып бара жатыр. Сирия армиясы шегінген кезде көптеген қару-жарақты тастап кеткені белгілі болды. Соның нәтижесіне қарулы оппозиция Ми-8 тікұшағын, L-39, «Миг-23 ұшақтарын, Т-90А, Т-72М танктерін, «Панцир С1» зениттік зымыран кешенін, «Смерч» дүркіндетіп ататын реактивті кешенін қолға түсірген. Ұрысқа «Хаят тахир аш Шам», «Ахрар аш-Шам», «Харакат Нур ад дин Зинки», «Файлак әш Шам», «Джэйш Идлиб әл Нур», «Джэйш әл Наср», «Сукур аш Шамал», «Джэйш әл Ахрар», «Сирия ұлттық армиясы», «Ахрар Шарки», «Джэйш ул-шарике», «Фатих сұлтан Мехмед бригадасы», «Мухтассир Биллах бригадасы», «Сұлтан Мұрат бригадасы», «Хамза бригадасы», «Джабхат ул-Шамие», «Джэйш ул-Наср», «9 дивизия» қатарлы топтар қатысып жатыр. Бұлар әдетте оппозиция саналатын күштерді құрайды. Ал Башар Асадты Иран ресми қолдайтынын аңғартса, Ирактан еріктілер аттанаған. «Хезболла» тобы да Асадқа жақтас болатынын мәлімдеп үлгерді. Ресейдің Сириядағы әскери ұшақтары оппозициялық күштерді бірнеше мәрте бомбалады. Израиль әуе күштері аймаққа еңбек болған Иран ұшақтарын кері қайтуға мәжбүрледі. АҚШ ұшақтары Ираннан келе жатқан конвойды бөледі. Түркия

## ШАМ ӨЛКЕСІНДЕГІ ШАҢДЫ ЖОРЫҚ



болса, прокси күштерін қолдайтынын байқатты. Әрі Түркияның ұлттық барлау ұйымының арнайы жасағы Сирия жеріне енгені жайлы мәлімет тарады. Қысқасы, Сирия бірнеше күн ішінде «қайнап» шыға келді.

## МҮДДЕЛЕР ШАЙҚАСЫ

Негізі, Сириядағы ресми билік пен оппозиция саналатын күштердің арасындағы соғыстың қайта өршуіне Таяу Шығыстағы өзге оқиғалар ықпал еткен сияқты. Көптеген сарапшы бірінші кезекте Иран-Израиль тегіресінің әсері болғанын айтады. Тегеран мен Тель-Авивтің 2024 жылдың сәуірінен бері бір-біріне қыр көрсетіп, бірнеше мәрте әскери қаттығысқа баруы аймақтағы күштердің ара салмағын өзгертіп жібергенге ұқсайды. Иранның Сирия жеріне назар аударатын мүмкіндігі азайды. Башар Асадты жақтайтын «Хезболла» тобына да Израиль бірнеше мәрте соққы берді. Көптеген жетекшілері өлтірілді. Сирияда ДАИШ террорлық тобына және өзге қарулы жасақтарға қарсы соғысқан ресейлік жеке әскери компаниялар да жоқ. Айталық, бұрын Сирияда соғысқан «Вагнер» жасағы ол аймақтан кеткен. Яғни, өңірдегі күштердің ара салмағы өзгерді. Түркия мамандары жаз бойы Сирия жеріндегі оқиғаларды жіті бақылағанын айтады. Әрі ресми Анкара түрлі арна арқылы Башар Асадқа бірқатар ұсыныс айтқаны да анықталып жатыр. Тіпті, Башар Асад пен Режеп Тайып Ердоғанның кездесуі мүмкін екені де ақпарат құралдарында талқыланған болатын. Шамасы Дамаск мұндай ұсынысты құп көрмегенге ұқсайды. Кездесу болған жоқ. Ақыр соңында ұрыс қайта өршіді.

Осы тұста «Сирия оппозициясы» деп жалпы аталғанымен

соғысып жатқан топтардың сан түрлі екенін атап өту керек. Біздің пайымдауымызша, Шам өлкесіндегі қарулы топтарды бірнеше ұстаным тұрғысынан қарастыруға болады. Біріншісі – Түркия және АҚШ қолдайтын күштер. Олардың құрамына «Сирия ұлттық армиясы», күрдтердің «Сирия демократиялық күштері», «Халық қорғаныс жасақтары» қатарлы топтар кіреді. «Сирия ұлттық армиясын» Түркия жақтаса, күрд жасақтарын АҚШ қолдайды. Бұлар Асадқа қарсы ұрыс салғанымен, өзара келіспейтін тұстары да көп. Түркия өзінің прокси күш-



тері арқылы күрд қарулы топтарының күшейгенін тежеуге мүдделі. Өйткені оларды сепаратизмді жақтаушы күштер ретінде көреді. Екінші топ – діни радикал күштер. 27 қарашада Асад армиясына қарсы шабуыл бастаған «Хаят Тахир аш-Шам» ұйымы радикал күштердің ең ірілерінің бірі. Бұл ұйым 2011 жылы құрылған. Ол кезде «Джабхат ан-Нусра» деп аталатын әрі «Әл Каида» ұйымының бөлімшесі саналатын еді. Тіпті, бұл ұйымды құрғандардың бірі Әбубәкір әл-Бағдади деп есептеледі. Ол атышулы ДАИШ ұйымын құрушылардың бірі болатын. Қазір «Хаят Тахир аш-Шам» төңірегіне ұсақ радикал топтар жинала бастағаны айтылады. Олардың барлығы дерлік әлемнің көптеген елінде, соның ішінде Қазақстанда да тыйым салынған террористік ұйымдардың тізіміне енгізілген. Бір атап өтер жағдай, осы радикал топтардың өзімен ішінара келісіп, оларды аймақтық жанжалдарда пайдаланатын мемлекеттер бар.

Сирия билігіне қарсы соғысып жүрген осынау топтар әзірге бір мақсат үшін топтасқандай көрінгенімен, түбі өзара қырқысуы мүмкін. Оның алғышарттары қазірден-ақ көріне бастады. Алеппо

қаласын алған кезде қарулы топтар шаһарды кімдердің басқаратынын жөнінде қатқыл мәлімдемелер жариялаған. Дегенмен бір-біріне қару кезене қойған жоқ. Ал аймақтағы ықпалын сақтап қалу үшін Батыс елдері де, Түркия да, Иран мен Ресей де прокси топтардың барлығын пайдалана беретін сынайды. Демек, Шам өлкесінде жуық арада бейбітшілік орнай қоятынына сенім аз. Ол жерде мүдделер қаттығысы бар.

## РАДИКАЛИЗМ КАУП БАР МА?

Сирия жеріндегі соғыстың жаңа деңгейге көтерілуі Таяу Шығысқа, Еуропа мен Орталық Азияға жанама түрде болса да әсер етуі ықтимал. Соғыс салдарынан босқындар саны артуы мүмкін. Әрине, олар бірден Орталық Азияға, соның ішінде Қазақстанға ағылады деуден аулақпыз, бірақ Еуропаға ұмтылатыны сөзсіз. Ал Орталық Азияға экстремистік идеология қауіп төндірді. Шығыстанушы Жанат Момынкұлов қазір Сирияда әрекет етіп жүрген радикал топтар идеологиясын біршама өзгерткенін айтады. «Сириядағы дағдарыстың өршуі, тепе-теңдіктің бұзылуы және «Әл Каидамен» байланысы бар радикал, джихадшы топтардың қайталануына саһнаға шығуы Таяу Шығыстағы елеулі оқиғалардың бірі. Идлиб төңірегінде жиналған бұл топтардың өкілдері Түркияның, басқа елдердің қолдауымен Астана келіссөздеріне де келіп жүрді. Осы келіссөздер «Хаят Тахир аш-Шам» сияқты ұйымдардың geopolitical-ке, яғни шынайы саясатқа бейімделуіне ықпал еткен тәрізді. Олар да келіссөз жүргізуді, олар да конвенционалды әскер жасақтауды менгеріп, сырттан қару алып, соғысқа барынша даярлануға тырысқан сияқты. Олар соғысты Израиль Иранның әлсіреткенінен кейін бастады. Бұл топтар бұрынғы радикал көзқарастарын жасырып, сырттай болса да жұмсарып, өзге топтармен қаттығыспай инклюзивті имидж жасап жатыр. Қысқаша айтқанда, бұлар ақпараттық кеңістікте ребрендинг жасады.

Бірақ кейбір сарапшылар радикализмнің жаңа толқыны тууы мүмкін екенін айтады. Айталық, электронды салада пайда болуы ықтимал деген пікір бар», – дейді сарапшы.

Дегенмен біздің пайымдауымызша, Сириядағы оқиғалар діни радикализмнің өршуіне ықпал етуі мүмкін. Өйткені экстремистік көзқарастағы топтар біршама әлсірегендей көрінгенімен, әлі де бар. Әрі Қазақстанды да нысана ретінде бағалайтындар кездеседі. Айталық, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған ҰҚК төрағасы Ермек Сағымбаев ұлттық қауіпсіздік органдары биыл 4 терактінің алдын алғанын айтқан еді. Терроризм мен экстремизмге қатысы бар 84 адам сотталып, 44 адам ұсталған. Ланкестік сипаттағы қылмыс жасады деген күдікпен іздеуде жүрген 6 азамат Сирия мен Түркиядан экстрадицияланған. Терроризм мен экстремизмге қатысы бар 824 шетел азаматының Қазақстанға кіруіне жол берілмеген. Заңсыз айналымда жүрген 505 атыс қаруы, 5 дана қолдан жасалған жарылғыш құрылғы, 45 жарылғыш топтама, 15 мыңнан астам оқ-дәрі тәркіленіпті. Бұл деректер экстремистік пиғылдағы топтар мен азаматтардың кез келген сәтте ел тыныштығын бұзуы мүмкін екенін байқатады. Ал Сирия жерінде әрекет етіп жүрген радикал ұйымдар күшейсе өзге аймақтардағы экстремистік топтарға моралдық тұрғыда ықпал етуі мүмкін. Сириямен тікелей байланысы болмаса да, экстремистік идеологияны жақтайтындар қатары өсуі ғажап емес. Шам өлкесіндегі оқиғалардың жанама қауіпі де осында.

Айтпақшы, Сирия мен Израиль арасындағы даулы жер саналатын Голан жоталарында Қазақстан бітімгерлері жұмыс істеп жүр. Аймақтағы атыс-шабыс жайлы ақпараттарды естігенде, Қазақстан жауынгерлерінің хал-күйіне де алаңданымыз анық. Дегенмен Голан жоталары ұрыс болып жатқан жерлерден біршама алыс. Сондықтан ол өңірде қарулы қаттығыс бола қоймайтын сияқты. Шығыстанушы Жанат Момынкұлов та осындай пікірде екен.



Жанат МОМЫНҚҰЛОВ, шығыстанушы:

«Голан жоталарына тікелей қауіп төнбейді деп ойлаймын. Бірақ Түркия қолдап отырған оппозиция, радикалдар Дамаскіні алатын болса, Израильге де қауіп төнуі ықтимал. Мұндай жағдайда Израиль күштері Голан жоталарынан өтіп, Сирия аумағы есебінен буфер аймағын құруы мүмкін. Жалпы, Голан жоталарында халықаралық контингент бар. Әрі Израиль де ол аймақты қадағалап отыр. Сондықтан бітімгерлерге тікелей қауіп төнеді деп ойламаймын»

## Түйін:

Қысқасы, қазақ Шам өлкесі деп атаған аймақтағы жағдай күрт өзгерді. Соғыс алыста болып жатқандай көрінгенімен, ол жақта қан төгіліп жатыр. БҰҰ жарғылары мен қарарларын ескермейтін күштер де бар. Ал Қазақстан – жаһанда бейбітшілік салтанат құрғанын жақтайтын мемлекет. Дау-дамайдың халықаралық құқықтық нормалар аясында шешілгенін күп көреді.



## БІЗДІҢ СҰХБАТ

7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Абай ілімін зерттеп, сөзжұмбақ құрап жүрген Қалибек Алтыбаев ақсақал бес-алты кітабын құшақтап, редакцияға арнайы келіпті. Бұл кісінің таңдаған жолы да, бағыты да қызық: алпыс жыл бір жанрдан ауытқыған емес. Көкшолақ мініп, қой ізін шаңдатқан уақыттан бастап сөзжұмбақ құраумен келеді. Ол кісі құрастырған жұмбақтың шешімін табу да оңай емес. Бірнеше күн кітап парақтап, ізденуге тура келеді. Ал алпыс жыл бойы сан сөздерді санасына сақтап, күллі әлемнің қырық-қатпарлы дүниесін бір ұяшыққа сыйдыра білген жанның қабілетіне таңғаласың. Кәнігі кроссвордшы, ардагер журналистің бір Абай тақырыбына арнаған жеті кітабы бар. Жеті кітаптың бәрі бір күнде жазыла қоймағаны анық. Кейіпкерімізге қойған сауалымыз да осы еді.



Қалибек АЛТЫБАЕВ:

# АБАЙ СӨЗІН КЕСТЕЛЕП КЕЛЕМІН

— Абайды сөзжұмбақ арқылы танытуыңыз қызық екен. Бұл ой қалай келді?

— Қойшының баласымын. Кішкентайымыздан тауда өстік. Әкем соғыстан мүгедек боп оралды. Көзі көрмейтін. Бастауышты бітірген соң, әкеме көмекші боп бірге қой бағатын едім. Қой бағуға шыққанда бір күні қолыма кітап, бірде газет-журнал ала кетемін. Осылайша, күнделікті бір кітап оқуды әдетке айналдырып алдым. Бұл 1955-56 жылдар еді.

Әкем газет-журналдарды жаздырып алады. Арасында «Қазақстан әйелдері» деген журнал да бар. Бір күні үйге (қазір аты-жөндерін ұмытып тұрмын) совхоздың директоры Мәмбетов, аудандық партия хатшысы Дәулет қонаққа келді. Кешке қой бағып келсем, екеуі сөзжұмбақ шешіп отыр екен. Ол кезде әлі баламды олармен жақыннан араласым жоқ, амандастым да қойдым. Олар кеткен соң қарасам, «спорт түрі» деген сауалға «теннис» деп жазып қойыпты. Солайша төрт-бесуін шешіп қойыпты. Оны тығып қойдым да «Қазақстан әйелдерінің» келесі санын күттім. Келесі саны шығып, салыстырсам, шындығында әлгілердің жазған жауаптары дұрыс екен. Оны «сөзжұмбақ» деп кейін аудардық қой. Оған дейін «кроссворд» деп жүрдік.

Сөйтіп, сөзжұмбақ жасауға құштарлық пайда болды. Жасау жолдарын да өзім іздене бастадым. «Кроссвордтың атасы» деп аталатын кітап шығарған Талапты Иманбаев деген кроссвордшы болды. Қазақта сөзжұмбақтан тұратын тұңғыш кітап шығарған кісі. Сол кісі маған үнемі нұсқаулармен хат жазып отырды. Ұзын сөздің қысқасы, 2-3 жылдың ішінде мен кроссворд жасай алатын деңгейге көтерілдім. Талмай іздендім. Кейін қазақша күнтізбе шыға бастады. Күнтізбеге де 2-3 жылдай менің сөзжұмбақтарым жарияланып жүрді. Онда 18-ге де толмаған кезім. Одан әскерге кетіп, қол үзіп қалдым. Бірақ әскерде де сөзжұмбақ құрастыруды тастаған жоқпын. Орысша құраған кроссвордтарым орыс газеттеріне шығып жүрді.

1987 жылы М.Әуезовтің 90 жылдығы болды. 12 жасымнан «Абай жолын» сүйіп оқып өскен адаммын. Сонда Мұхаң туралы сөзжұмбақ жасасам деген ой болды. Ол кезде селолық советтің төрағасы болып қызмет атқарамын.

— Сонда партия қызметінде жүрсіз ғой. Демек, шығармашылықтан мүлдем бөлек ортада сөзжұмбақ құрастырып жүрдіңіз бе?

— Иә, қызметім мүлдем бөлек, партия совет қызметіндемін. Білімім де жоғары, саяси қызметкер. Бірақ сөзжұмбақ жасауды жақсы көргенім соншалық, қолым қалт етсе, құрастырып отырамын. Мұхтар туралы сөзжұмбақ жасау ойға келген соң Әскеменде шығатын облыстық газетпен сөйлестім. Олармен бұрыннан да байла-

нысым жақсы еді. Сөйтіп, тұрақты Мұхтар Әуезов шығармалары туралы сөзжұмбақ жіберіп отырдым. «Әуезов шығармаларының бәрін оқыдым» деген артық болар, бірақ басты-басты шығармаларын оқыдық.

1990 жылы бір баламды оқуға алып, Семейге келдім. Семей тобықтының жері деп ойлап жүріппін. Сөйтсем, тіпті олай емес екен. Тіпті, Абайды біле қоятындар аз екен. «Абайдың ұрпақтары бар ма, хакімді танығандар бар ма?» деп сұрап жүрдім.

— Абай ұрпақтарын білетіндер көп пе екен?

— Оның себебі бар. Хайролла Әріпбаев деген мықты ақын бар еді, өзі — Зайсандікі. Сол жігіт «осында Абайдың жиені бар, таныстырайын» делі.

Сөйтіп, жиенімнен кейін-ақ екеуіміз тез тіл табысып кеттік. Ол кісі «Абай» қорының директоры болып тағайындалған екен. Абайдың 150 жылдық мерейтойына дайындық қызу жүріп жатқан кез. Екеуіміз отыра қалып, Абай тақырыбын қаузамаймыз. Абайдың өлеңдері ауыр ғой. Жалпы, «Абайды оқып-білдім» деген адамның өзі қателеседі. Мұханның өзі айтады: «Абай — дария, мен оны шөмішпен қалқып алдым» деп. Сондықтан Абаймен қанша шұғылданғаныммен, ол өте терен. Ол кісінің философиялық өлеңдерін терен зерттеу қажет.

— Сөйтіп, Абай туралы сөзжұмбақ құрастыра бастадыңыз...

— Абайдың 150 жылдық мерейтойы өтті. 1999 жылы Абай туралы үлкен кітап жазып бітірдім. Одан кейін Алматыда тарихшы досым бар еді. Соған хабарласып, Абай туралы кітап жазғанымды айттым. «Мұны қайда апаруымыз керек?» дегенімде, ол «сені ешкім керек қылмайды және «Абайды жазды» дегенге ешкім сенбейді. Ол үшін мықты абайтанушыдан алғысөз жаздырту керек. Семейде жақсы үш абайтанушы бар. Біреуі — Қайым Мұхамедханов, екіншісі — Төкен Ибрагимов, үшіншісі — Мұздыбай Бейсенбаев. Қайым ақсақал қартайып қалды. Енді ана екеуінің бірінің көңілінен шыға алсаң, дұрыс болар еді», — делі. Содан Абай қорының президенті Балтабек Ерәлімовке қоңырау шалдым. «Таныстығың бар ма?» — деп сұрадым. Ол «Мен Төкен Ибрагимовке айта аламын.

Бірақ ол кісі «мынаны былай жаз, олай жаз» деуге көнбейді. Не бар, соны жазып береді. Сен маған ренжімесен ғана таныстырайын», — делі. Сосын жедел Зайсаннан Семейге келдім. Балтекен мені Төкен Смайыұлына апарды. Жарқылдаған ақкөңіл адам екен. «Мынау ақ найман, Абай туралы бір жазғаны бар екен. Пікірінді сұрап отыр», — делі Төкенге. Ал мен «ақ найман емеспін, төртуыл найманмын» деп едім, «төртуыл болсаң, «ананы» танисың ба?» дей берді. Мен «Қабдеш Жұмаділовті айтып отырсыз ба?» — делім. «Мен оны көрмеген адаммын. Бірақ ол кісінің шығармаларымен өте таныспын», — деп едім, қолым созылды. Сөйтсем, Қабдеш екеуі мектепті бірге оқыған екен. Екеуі жақсы дос екен. Содан кітабымды Төкенге тастадым. Алты айдай жауап болған жоқ, мен де қоңырау шала алмадым. Арасында Балтабекке хабарласып, «білдің бе, не болып жатыр екен?» — деп сұрап қоямын. Ол болса, «өзің неге хабарласпайсың?» — деп ұрсады. Сөйтіп жүргенде тағы алты ай өтті. Сосын амалсыз Семейге қайта келдім. Келген соң Төкенге бардым. Ол ақжарқын қабылдап, «Мынау керемет еңбек екен, Абай тарихынан мықты-мықты сұрақтар бар екен» деп, жақсы лебізін білдіріп, пікір жазып берді. Сосын Балтабектен: «Қайымға апардың ба?» — деп сұрады. «Жоқ» деген жауап естіген соң, «Бірінші Қайымның батасын алуың керек», — делі Төкен маған. Содан Балтекен мені Қайым Мұхамедхановқа алып барды. Қайым ақсақал қазіргі менің жасымда, яғни 80-нің шамасында. Қайым ақсақал «Төкен жазса, біліп жазады ғой» деп маған «жолың болсын!» деп батасын берді. Осылайша, жақсы ағалардың батасымен алғашқы кітабымды Тәуелсіздіктің он жылдығында «Абай» қорының қолдауымен шықты.

— Сонда 2001 жылдан бері Абай туралы сөзжұмбақ құрап келесіз бе?

— Оған дейін «Сан сұраққа саяхат» деген кітабым шыққан. Ал 2001 жылы шыққан, Абайға арнаған кітабым — екінші жинағым. Арасында құрастырған, жазған дүниелерім газет-журналдарға шығып жүрді. Одан кейін «Үш кемелдің шалқарынан» деген кітап жаздым. Абай, Шәкәрім, Мұхтар туралы бөлек-бөлек. Одан кейін

«Абайды оқы, ойлан, тап!» деген кітап жаздым. Кейін «Абай әлемі» деген кітап құрастырдым. «Абай әлемі» 2018 жылы Қазақстанның рекордтар кітабына кірді. Одан кейін «Абай» деген журнал шығардым.

— Бұл тақырыпқа баруыңыз үшін Абайды көп зерттеуіңіз керек қой. Кімдерге жолықтыңыз? Қандай ғалымдардың еңбектеріне сүйендіңіз? Болмаса, қалай іздендіңіз?

— Ізденгісі келген адамға дүние көп. Тіпті, дайын тұр десек те болады. Мысалы, «Абайдың ақын шәкірттері» деген 4 томдық, «Абай энциклопедиясы», «Абай жолы», содан соң айтайық, Абай туралы мақала жазған ғалымдар көп. Абай кімге азық болмады дейсін. Абай тақырыбында қанша адам докторлық қорғады, қаншама адам кандидат болды. Осылардың бірталайының еңбегін оқып шықтым.

— Оларды шалғайда жатып оқыдыңыз ба әлде орталық кітапханаларға, архивке барған кездеріңіз болды ма?

— Кітапханаға көп бардым. Семейдегі абайтанушылармен жиі сөйлестім. «Абай» журналының редакторы Рысхан Мусин деген ақсақал болды. Өте терен адам еді. Ол кісімен де сұхбаттасып, ақыл-кеңесін алдым. Соңғы кезде Риза Молдашеваның да көп көмегі тиді. Қазір «Семей таңының» редакторы болып отыр. Мені «Семей таңына» жұмысқа шақырды. Зейнетке шыққаннан кейін 3-3,5 жыл Зайсан ауданындағы меншікті тілші болып, қызмет атқардым. Бұл газеттің көп пайдасы тиді.

Зәки Ахметов, Асқар Егеубаймен жақсы араластым. Тұрсын Жұртбай, Ғарифолла Есім бар. Олармен жолығып, әңгімелестік. Тұрсын «Абай әлемі» кітабының екеуін сатып алыпты. Біреуін үйіне, екіншісін Отырар кітапханасына апарып бергенін айтты. Бірақ осы еңбектің өзі мемлекет тарапынан қолдау таппай отыр. Кроссворд болғаны үшін қабылдамай тастайды. Айтайық, жанағы Абай айтқан толық адам болу үшін Абайды оқып, толық болу мүмкін емес. Абайдың айналасын білу керек. Абайдың өскен ортасын білу керек. Абайдың қанша ақын шәкірттері бар, осыларды білу керек. Осыны жас балаларға үйретуіміз керек.

— Жалпы, сөзжұмбақ жасаудағы мақсатыңыз қандай?

— Менің мақсатым — Абайды таныту. Жастар Абай әлеміне бойласа деймін. Мір-жақып: «оның заманынан алыстаған сайын рухына жақындай түсеміз» дейді ғой. Ғалымдар зерттеп, мұрасын халыққа жеткізіп жатыр. Менікі — таза қазақ, сұрақ-жауап ойынымен, тәсілмен жеткізу.

— Бас-аяғы қанша кроссворд жасадыңыз? Санап көрдіңіз бе?

— Санаған жоқпын. Абайға арнағаным — жеті кітап. «Зайсан өрнектері», «Сан сұраққа саяхат» деген кітап жаздым. Кейін Абай әлеміне бойлап кеткен соң, басқа тақырыпты жылы жауып қойдым. Кроссворд жасау үшін астрономия, физика, химия, тіпті сан салалы тақырыптарды қамтисың. Әрі ғылымнан хабарың болуы керек. Мұның ең жақсы қасиеті — мида сақталып қалады. Бар тамырыңды қуалайды ғой кроссворд. Ойына әбден сіңеді.

— Қызық жанр екен. Қазір сөзжұмбақ шешетін жастар бар ма?

— Бұл миды сауықтырады. Сондықтан бұл жас ұрпаққа қажет дүние деп есептеймін. Айталық, сауық кеші не болмаса, кездесу бола ма, сонда Абай туралы сұрақ қоятын болса, миға жатталып қалады. Бірақ қазір мұндай пікір-талас өткізетін алаңдар азайып барады. Мүмкін өтіп жатқан шығар, бірақ өз денгейінде емес деп ойлаймын.

— Соңғы кітабыңыз қай жылы шықты?

— Соңғысы 2022 жылы шықты. Онда да демеушілердің арқасында жарық көрді.

— Әңгіменізге рақмет!

Әңгімелескен  
Гүлзина БЕКТАС




# ОЙЛАН, ТАП!

7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

## САН СӨЗ –

# КРИПТОГРАММА



Қалибек Алтыбаевтың бұл криптограммасы мен сөзжұмбағы «Абай жолы» роман-эпопеясы негізінде құрастырылған.

Дұрыс шешіп, сандарды тиісті әріптермен айырбастағанда Барлас ақынның жас Абайдың ұғымтал, зеректігіне қатты ырза боп, мейірімі түсіп, домбыраны ұсынып, берген батасы оқылады.

I. «Ұлы жүздің бір баласының Абай ағаға сәлемдемеге жіберген бір тайы», – деп әйгілі сәйгүлік «Торжорғасын» ноктасымен Мағышқа ұсынған азамат – 18, 13, 9.

II. Қазақ даласынан Россия заңы арқылы өз басына азаттық тілеуші бірінші әйел – 6, 13, 17, 7, 14.

III. Тәкежанның Уак жеріне тірелген ең шеткі қонысы, күзетігі – 19, 4, 1, 4, 6, 4.

IV. Жігітек руына сыпайылап қойылған атау – 17, 11, 1, 7, 17, 7, 12.

V. Майбасардың атшабары Камысбайдың басына мініп алып, құйрығы мен жонын дүрелеген азамат – 19, 4, 3, 4, 1, 4.

VI. Білікті ұстаз Сармолланың қызы – 13, 10, 6, 4.

VII. Романда жиі аталатын қатпар-қатпар кара көк адыр, қалың тау – 1, 2, 12, 5, 2, 10.

VIII. Құнанбайдың үлкен ауылының ұзақ жыл-дан бергі қойшысы – 19, 4, 1, 17, 7.

IX. Аға сұлтан Құнанбай мешіт салғызған елді мекен – 19, 4, 3, 19, 4, 3, 4, 15, 2.

X. Жұрт көнілін көтерер «жаңа пері» – Сыбанның жас ақыны – 13, 3, 11, 16.

XI. Қасиетті қала Меккеге барып, мұсылмандық парызын өтегендерге берілетін қосымша ат – 19, 4, 8, 2.

## МАТАУ СӨЗ

### ТІГІНЕН


1. Ноғай ауылында Әбіш қонақ болған орта бойлы, ақшыл қызғылт, сұлу жүзді үй иесі. 3. Тобықтыдан тарайтын ру. 4. Әбіштің сүйікті жары. 6. Құнанбай өз айналасына қоршау қып ұстайтын саны көп, сыбағасы аз рудың бірі. 9. Аттан жығылып қайтыс болған, Мәкенді айттырған жас жігіт. 10. Тәкежан басының кегі үшін, малының жоқшысы, даугері болған немере інісі. 13. Абайға жасалған қастандыққа жаны ауырып, ел сөзін ұстаған Қаракесектің атқамінері. 14. Затонның слесарі, орыс азаматы. 15. Ысқақ ауылының түйешісі. 19. Сақ-Тоғалақтың Оразбайға жасаған шабуылынан кейін, атсыз көптің әлегінен бастарын аулақтаған байлардың бірі. 20. Абай еңбектерімен жете таныс болған «Русский Вестник» журналына романы жарияланған орыстың ұлы жазушысы. 24. Сүйіндік қыстауы Түйеөркештің қасында тұрған биік. 25. Тәкежанның жылқысын барымталағанда Әзімбайдың ақтангеріне мінген балуан жігіт. 28. Абай Тоғжанды алғаш көргенде сылдыры өзгеше ыстық қымбат болып тұн тыныштығы ұрлағандай болған әйелдердің сәндік бұйымы. 29. Бөкенші мен Жігіттектің арасындағы өршіген дауды басу үшін төрт ата Айдостың жиынына қатысқан Топайдың атқамінері. 30. Аққозы мен Тоғжан үйінің қартаң мал-шысы. 34. «Еркем сорлы нені айтпап еді маған. Шын ғашық еді ғой өзің! Кетерінде оң сапар тілеген жок. Өлім тілеп кетті» деген сөзді Абайға айтқан Тоғжанның жеңгесі. 35. Дәмежанның үлкен баласы. 36. Ырғызбайдың белгілі мылжың, берекелі сөзі жоқ, қырты. 37. Роман-эпопеяның бірінші кітабының екінші бөлімінің «Балқыбектегі сиязға Абай» деп басталатын тарауы. 41. Абайдың Семейдегі тыныш, жақсы, ұдайы пәтер етіп жүретін үйдің иесі. 42. Қатпар-қатпар, көлбеп жатқан адыр белесті Тобықты қонысы.

### ДОҒА БОЙЫМЕН

2. Құнанбайдың кара шаңырақ иесі Оспанның бәйбішесі Еркежанның әкесі. 5. Көтібақ руының басшысы. 43. Арқат тауындағы кісі есімімен аталатын белгілі жақпар тас. 46. Жас Абайдың келешегінен көп үміт күткен, батасын берген, Сыбаннан шыққан әйгілі ақын.

### КӨЛДЕНЕНЕН

7. Ырғызбай Ақбердінің баласы. 8. Романда себебі жан-жақты баяндалып, Абылай ханның Қабанбай батырға қойған есімі. 11. Жатақтардың кішкене сары қызы. 12. Тобықтының Мыңжасар деген ұрысы жылқыларын барымталап қан қақсатқан Найманның Тарбағатайды мекендеген руы. 16. Жазықсыз жазаланған Қодардың келіні. 17. Абайды «Осы биыл кітап оқу мен өлең жазуға жақсы бет берген жылы боп тұр!» деген кейіпкер. 18. Қазақ балаларына арнап ашылған интернатта оқитын сегіз жастағы Дәмежанның баласы. 21. Тобықтының Тұрсын деген ұрысы күзді күні алысқа баруға ерініп, жақын жердегі үш жылқысы қолды болған көрші отырған ауыл. 22. Қарамола шербешнайына бара жатқанда аталатын өзен. 23. Тоғжанның күйеуі Аққозының Тобықты ішіндегі руы. 26. Жұқпалы аурудан қайтыс болған тепсе темір үзетін азаматтардың бірі. 27. Абай қосының жылқылары жайылған қоныстың бірі. 31. Айдостан тарайтын күші мәлім, төрт атаның бірі. 32. Роман-эпопеяда жиі ата-латын Орта жүз руы. 33. Қараңғы кештерде алпамсадай бойымен биік баран аттың үстінде түйе мінген кісідей көрінетін Балта-Орақ елінен келген мықты азамат. 38. Үдере көшкенде тігілетін күрке. 39. Үркімбайдан таяқ жеген Майбасардың атшабары. 40. Қаражанның қайнысы Абайға қойған аты. 44. Махмұт ноғайдың ұлы Мұсаның семіз, қызғылт жүзді тоқалы. 45. Ауырудан, ащы қасіреттен қайтыс болған етікші. 47. Қауменнің Тобықтыға танымал ұлының бірі. 48. Ырғызбай қонысы.



Сөзжұмбақтың жауаптары газетіміздің 14 желтоқсан күнгі №140 санында жарияланады.

Құрастырған  
Қалибек АЛТЫБАЕВ



# ҒЫЛЫМ

7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Медицина саласында жиі қолданылатын, бірақ көбіміз атауын естісек те, оның адам денсаулығына тигізер пайдасына үңіле бермейтін хирургиялық жіп туралы білесіз бе? Бұл несімен маңызды десеніз, хирургиялық жіп – отаның сәтті өтуіне, асқынулардың алдын алуға, сондай-ақ науқастың қайта қалпына келуіне ықпал ететін маңызды құрал. Алайда хирургиялық жіп ота кезінде пайдаға жарағанымен, кейде ұзаққа шыдамай, өмірге қауіп төндіруі ықтимал. Себебі хирургиялық жіпке бактериялардың қонуы инфекциялардың пайда болуы ықтималдылығын арттырады. Бұл жарада жұқпалы процестердің басталуына әсер етеді. Дегенмен қазір отандық ғалымдар бұл мәселенің алдын алуда бірқатар ғылыми жобаны қолға алып отыр.



инфекциялардың алдын алуға көмектеседі, – деді Ә. Оспанова.

## ҚАЗАҚСТАНДА АНТИБАКТЕРИАЛДЫ ЖІПТЕРДІҢ НАРЫҒЫ ҚАЛЫПТАСПАҒАН

Ғалым Әлия Оспанова Қазақстанда антибактериалды хирургиялық жіптердің нарығы әлі күнге дейін толық қалыптасып үлгермегенін сынап өтті. Ғалымның айтуынша, антибактериалды жіптердің қолданысы мен сұранысы өзге дамыған елдермен салыстырғанда төмен. Ең алдымен, бұл технологиялардың салыстырмалы түрде қымбат болуы, нарықта танылмағаны және білімнің жетіспеушілігімен байланысты. Одан өзге өнімдердің кеңінен таралып, қолжетімді болуына кедергі келтіретін бірнеше фактор бар: импорттық өнімдерге тәуелділік, жергілікті өндірістің дамымауы және дәрігерлердің жаңа технологияларға бейімделуі.

– Қазақстанның медициналық нарығында антибактериалды жіптер тек ірі ауруханаларда және арнайы клиникаларда қолданылып жүргені байқалады. Бұл жіптердің басты артықшылығы – инфекциялардың алдын алу және операциядан кейінгі асқынуларды азайту қабілеті. Сондықтан олар көбіне жоғары деңгейдегі хирургиялық

**А** Алтынай  
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Химия және химиялық технология факультетіндегі белгілі химик-ғалым Әлия Оспанова бастаған ғалымдар ота кезінде пайдаланылатын хирургиялық жіпті жетілдіріп, бетіне антибактериалды жабын жасап шығарған. Ғалымдар әзірлеген жіптердің арнайы жабындары бар, сәйкесінше, олар бактериямен күресіп отырады. Тағы бір атап өтерлік маңызды жайт, аталған ғылыми жоба елімізде тұңғыш рет жүзеге асырылып отыр.

Ғалымның сөзінше, осы күнге дейінгі зерттеу нәтижелері Қазақстанда жаңа жұмыс орындарын ашуға, медициналық өнімдердің экспорттың арттыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде еліміздің ғылыми және өндірістік әлеуетін арттырып, халық-

# БАКТЕРИЯҒА ҚАРСЫ «АҚЫЛДЫ ЖІП» ЖАСАДЫ

## ОТАДАН КЕЙІНГІ АСҚЫНУЛАРДЫ АЗАЙТУҒА ӘСЕР ЕТЕДІ

Ғалымдар әзірлеген «ақылды хирургиялық жіптердің» құрамы биоүйлесімді және биоыдырағыш полимерлер мен антибактериалды агенттерден тұрады. Биоүйлесімді полимерлер жіптің беріктігін қамтамасыз етеді, сонымен қатар олардың ағзаға сіңуі кезінде теріс реакция болмайды.

Ал антибактериалды агенттердің басты мақсаты – отадан кейін инфекциялардың алдын алу. Антибактериалды агенттің қызметі өте маңызды, себебі хирургиялық жіп-

мәселесі қазіргі кезеңде өзекті. Бүгінде зерттеу жұмыстарымыз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасы негізінде жүргізілуде. Ғылыми тобымыз импланттарға антибактериалды жабындар әзірлеу және қанды тоқтатуға арналған таңғыш материалдарды жасау бағытында белсенді жұмыс істеп келеді, – деді ғалым.

## РЕАБИЛИТАЦИЯ ПРОЦЕСІ ЖЕҢІЛ ӘРІ ҚАУІПСІЗ ӨТЕДІ

Антибактериалды жабындар импланттардың инфекцияларға қарсы тұру қабілетін арттырып, отадан кейінгі асқынуларды азайтуға әсер етеді. Ал қанды тоқтатуға арналған таңғыш материалдар жарақаттан кейінгі қан кетуді жылдам тоқтатуға көмектеседі.

Онымен қоса, ғалымдар әзірлеген «ақылды жіп» дәстүрлі жіппен салыстырған-

оталар мен күрделі емдеу процестерінде пайдаланылады. Қазақстанда антибактериалды жіптердің нарығы дамуы үшін қосымша ғылыми зерттеулер, клиникалық сынақтар және өндірістік қуаттарды дамыту қажет. Дегенмен бұл бағытта біздің үмітіміз бар, себебі Қазақстанда медициналық инновацияларға сұраныс артып келеді. Антибактериалды жіптер өзінің артықшылығы мен тиімділігін дәлелдесе, болашақта үлкен сұранысқа ие болуы мүмкін, – деді ол.

Ғалымнан қазіргі уақытта «ақылды жіпке» хирургтердің тарапынан сұраныс бар-жоғын да сұрап көрдік.

– Қазір «ақылды жіптер» хирургиялық тәжірибеде толықтай қолдануға дайын емес, бірақ бұл бағытта зерттеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Әзірге клиникалық зерттеулердің алғашқы кезеңдері аяқталды. Көптеген технология сынақтан өту сатысында тұр. Бұл «ақылды жіптер» әлі



аралық нарықта бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді.

– Шынында да, біздің ғылыми топтың осы бағыттағы жұмысы өте қызықты әрі маңызды. Біз импланттар бетіне антибактериалды жабындар орналастыру тәсілдерін зерттеп, олардың тиімділігін сынап көріп, ғылыми жұмысымызды медицина саласына бағыттадық. Хирургтерде хирургиялық жіптердің бетін қорғау мәселесі әрқашан өзекті. Жіптер ота кезінде инфекцияның таралуына себепкер болуы мүмкін. Осыған байланысты біз антибактериалды жабындарды жіптерге қолдану мүмкіндігін зерттей бастадық. Хирургтер идеяның тиімділігін түсініп, антибактериалды жабындарды жіптерге қолдану қажеттігін қолдады, – деді ол.

тер арқылы жұқпалы инфекциялар денеге енуі мүмкін. Ал «ақылды жіп» бактериялардың артуына мүмкіндік бермейді. Әлия Оспанова жіптерді медицинада қолдану қауіпсіз екенін және ағзада ешқандай аллергиялық немесе қабыну реакцияларын тудырмайтынын айтады.

– Қазір ғылыми тобымыз бірнеше бағытта жұмыс істеп келеді. Осы уақытқа дейінгі зерттеуім ағынды суларды ауыр және улы металдардан тазарту әдістерін әзірлеуге арналды. Бұл бағыттың ғылымдағы маңызы өте зор, өйткені ауыр металдар мен улы заттар табиғи ортаға түскенде экологиялық және адам денсаулығына ауыр салдарын тигізеді. Сондықтан ағынды суларды тиімді және экологиялық таза әдістермен тазарту

да бірқатар ерекше қасиетке ие. Оның ең басты артықшылығы – антибактериалды қасиеттері.

– Хирургиялық жіп механикалық тұрғыдан жоғары беріктікке ие. Олардың құрылымы біркелкі және өте берік. Бұл хирургиялық оталарда сенімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Жіптеріміз тіндермен және дәрілік заттармен реакцияға түскенде инертті болып қалады, бұл олардың ағзада аллергиялық реакциялар немесе асқынуларды тудырмауына ықпал етеді. Осы ерекшеліктердің арқасында науқастардың реабилитация процесі жеңіл әрі қауіпсіз өтеді. Одан бөлек, хирургиялық жіптеріміз пролонгациялау қасиетіне ие. Бұл белсенді заттарды баяу және тұрақты түрде босатуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, хирургиялық отадан кейін қажетті дәрілік заттар науқастарға ұзақ уақыт бойы жеткізіліп тұрады. Ол емдеу процесінің тиімділігін арттырып,

де толыққанды коммерциялық өнімге айналған жоқ, дегенмен олардың әлеуеті үлкен. Болашақта осы бағыттағы ғылыми зерттеулер мен клиникалық сынақтардың сәтті жүргізілуі нәтижесінде «ақылды жіптердің» хирургиялық процедураларда кеңінен қолданылатыны күтілуде. Бұл технологиялар науқастардың сауығуына, отадан кейінгі асқынуларды азайтуға және дәрігерлердің жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Сондықтан келешекте өнім жоғары сұранысқа ие боларына сеніміміз мол, – деп сөзін түйіндеді химик-ғалым Ә. Оспанова.

Ғалымдар зерттеу жұмысы жақсы нәтижеге қол жеткізсе, жоба ел экономикасына, өндірістік және медициналық салаларға үлкен пайда әкелетінін алға тартты. Әлия Оспанова мұның себебін өзіміздің жергілікті шикізатты пайдалана отырып, жоғары сапалы өнімдер әзірлей алу мүмкіндігімен байланыстырды.

**Ғалымдар әзірлеген «ақылды хирургиялық жіптердің» құрамы биоүйлесімді және биоыдырағыш полимерлер мен антибактериалды агенттерден тұрады. Биоүйлесімді полимерлер жіптің беріктігін қамтамасыз етеді**



## ШАРТАРАП

7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ



**А** Наурызбек  
САРША

Алып кәсіпорынға кірген беттен-ақ зауытта қаптаған жұмысшыларды көреміз деп ойлағанбыз. Онымыз бекер екен. Себебі зауыттың көп жұмысын роботтар атқарып жүр. Ауыр-ауыр техникалармен ешқандай қателіксіз жұмыс істеп жатқан роботтар бір сәтке тыным таппайды. Ал қарапайым жұмысшылар олардың жұмысын қадағалап қана жүр. Мұнда қауіпсіздік мәселесі бірінші орынға қойылған. Компания жұмысын таныстырып жүрген қызметкер алып кәсіпорынның Қазақстанмен де серіктестік орнатқанын, елімізде біршама жоба жасағанын да мақтанышпен жеткізді. Қабырғада Қазақстанда жұмыс істеп тұрған «Достық» жел генераторларының видеолары да көрсетіліп тұрды.

**SANY – ӘЛЕМДЕГІ  
КӨШБАСШЫ КОМПАНИЯ**

Жалпы, SANY Group компаниясы 1989 жылы дөнекерлеу материалдарын өндіретін шағын зауыт ретінде құрылған екен. Ал бүгінде 20-дан астам зерттеу және әзірлеме орталығы бар, Қытайдағы жоғары технологиялық жабдыктарды өндіретін жетекші кәсіпорын акциялары 60 млрд АҚШ долларына жуық капиталдандырумен халықаралық биржаларда саудаланатын ауыр машина жасайды. Caterpillar, Komatsu, Hitachi және Volvo кейін ірі әлемдік құрылыс арнайы техникасын өндірушілерінің 5-тігіне кіреді. Ал бетон және көтеру жабдыктарын өндіру бойынша SANY компаниясы әлемдегі нөмірі бірінші болып саналады. SANY жабдығы 400 метрден жоғары көмбелердің 70% құрылысында қолданылған және оған Гиннестің кітабындағы бірнеше рекорд тиесілі. Бүгінде компанияның өндірістік қуаты Қытайда, АҚШ-та, Еуропада, Бразилия мен Үндістанда орналасқан. SANY компаниясы АҚШ аумағында өндірісті оқшаулаған қытайлық компаниялардың бірі болды.

SANY өнімдерін әлем бойынша әртүрлі жағдайда кездестіруге болады. Осылайша, SANY шынжыр табанды краны 2010 жылы Чилиде шахтаның құлау орнына жеткізілген бірінші машина болды, ал бетон жабдығы Жапониядағы Фукусима стансасындағы апат салдарын жою кезінде қолданылған. SANY – «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасының провайдерлерінің бірі. Бағдарлама аясында компания Сауд Арабиясы, Малайзия және Пәкістанда 50 мыңнан астам үй салуға инвестиция салды.

2017 жылы сапа саясаты мен мәмілелерді қолдау компания активіне бірнеше ірі келісімшарт әкелді. Олардың арасында Кувейтте мердігермен 86 млн доллар көлемінде 600-ден астам техника

ҚХР астанасы Бейжіңде Қытайдың қоғамдық дипломатия қауымдастығы (CPDA) бастаған 100-ден астам шетелдік бұқаралық ақпарат құралы өкілдеріне арналған CIPCC бағдарламасы аясында Қытайдағы SANY Renewable Energy компаниясымен таныстық. Әлемдегі арнайы техника шығаратын ұйымдар арасында бесінші орын алатын бұл компания бүгінде заманауи үлгісімен, жеткен жетістіктерімен көп елге үлгі болып отыр.

# «ЖАСЫЛ» ЭНЕРГИЯНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫ

КӨН

бар. 2017 жылы сатылымнан түскен жалпы түсім 6 миллиард долларды құрады.

2018 жылы компания Қазақстанға 68 бірлік техника жеткізгенін де айта кеткеніміз жөн. Ал SANY Group-тың еншілес компаниясы саналатын SANY Renewable Energy болса жел генераторларын шығаратын әлемдегі ірі ұйымдардың бірі. Бұл компания жалпы айналмалы диаметрі 860 фут (шамамен 262 метр) болатын 430 футтық (шамамен 131 метр) жел турбинасының қалақшасын жасағанымен танымал. Бұл үш футбол алаңына тең және ол өте жеңіл әрі берік 15 мегаватт жел генераторымен бірге қолданылады.

**ҚАЗАҚСТАН  
«ЖАСЫЛ» ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
ӨНДІРІСІН ИГЕРУДЕ**

Былтырғы мамыр айында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға мемлекеттік сапары кезінде елімізде жаңартылатын энергетика



қаның дамуына жаңа серпін беретін бірнеше маңызды құжатқа қол қойылған еді. Олардың бірі – Жамбыл облысында қуаты 1 гига-ватт жел паркін салу болатын. Осы жобаны бастама беру үшін ынтымақтастық туралы меморандумға Сианда «Самұрық-Қазына» қоры, Қазақстанның Энергетика министрлігі, Қытайдың Мемлекеттік энергетикалық инвестициялық корпорациясы (SPIC) және Қытайдың SANY Renewable Energy компаниясы қол қойды. Бұл жоба ресми мәлімделгендей, Қазақстанда жаңартылатын генерацияның жалпы белгіленген қуатын бірден 40%-ға арттырады.



Бұл ретте «жел турбиналары» паркінің жанында ауа райы өзгерген кезде жел генерациясының ауытқуын тегістейтін энергия жинақтау құрылғысы салынатыны да айтылды. Жалпы, Қытай жобасының басқалардан айырмашылығы – жел стансаларының жабдыктарын өндіруді оқшаулау жоспарлары. Сонымен қатар мамыр айында Қытайдың мемлекеттік энергетикалық инвестициялық корпорациясының Қазақстанда мұнаралар, гондолалар мен жел диірмендеріне арналған қалақтар шығаратын бірнеше заманауи зауыт салу жоспарлары туралы да белгілі болды.

Орталық Азия бойынша SANY Renewable Energy бас менеджері

қажетті ресурстар көп және бұл орналасу жақындығы өндірісті ұйымдастыру үшін ыңғайлы», – деген-ді. Сонымен қатар сол жылдың сәуір айында қазақстандық БАҚ SANY Жамбыл облысында жел қондырғылары мұнараларын шығаратын зауыт салуды ұсынғанын хабарлаған еді.

Сондай-ақ биыл наурыз айында Мемлекет басшысы Sany Group Co. Ltd директорлар кеңесінің төрағасын қабылдаған болатын. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сян Вэньбо «жасыл» энергетика саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелерін талқылады. Корпорация Қазақстанда жалпы қуаты 1ГВт жел электр стансасын салу жобасын жүзеге асыруға қатысып жатыр және жаңартылатын энергия көздеріне арналған мұнара, қалақ және гондола құрастыратын зауыт салу мүмкіндігін қарастырып жатқаны айтылған. Мемлекет басшысы Қазақстанның Sany Group Co. Ltd компаниясымен арадағы ықпалдастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екеніне назар аударған болатын. Атап айтқанда, елімізде арнаулы техникалар, сондай-ақ олардың қосалқы бөлшектерін шығаратын бірлескен өндірісті жолға қою перспективті саналады. Осы ретте Қытай компаниясына Қазақстанда аймақтық R&D орталығын ашу мүмкіндігін қарастыру ұсынылды. Бұл орталық компанияның ЕАЭО нарығындағы қызметін ілгерілетуге септігін тигізеді.

Айта кетейік, Қазақстанда бұл компания бірнеше ЖЭК-жобаға арналған жабдыктарды жеткізуші болды. Солардың бірі – Қостанай облысының Арқалық қаласының маңындағы жел электр стансасы. Онда әрқайсысы 4,8 мегаватт турбиналары бар 10 жабдық жиынтығы орнатылған. Айта кету керек, қытайлық серіктестер жалпы-қазақстандық ЖЭК-жобаларға белсенді қатысады. Мысалы, Қытайдың мемлекеттік энергетикалық инвестициялық корпорациясы 2021 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында қуаты 100 мегаватт Жанатас жел электр стансасын іске қосты.

Жалпы, Қазақстан жел энергетикасын дамыту үшін үлкен әлеуетке ие, енді бұл сектор жаңа деңгейге шығады деп күтілуде. Мәселен, 2022 жылдың соңына қарай бүкіл ел бойынша 958 мегаватт 46 жел электр стансасы жұмыс істеген, бірақ жақын болашақта одан да көп болуы ықтимал.

**ЕЛІМІЗДЕГІ ӨНДІРІСТІК  
БАЗА ӨЗ ЖҰМЫСЫН  
БАСТАДЫ**

Күні кеше ғана Sany Renewable Energy-дің Қазақстандағы өндірістік базасы ресми түрде іске қосылды. Іске қосылу рәсіміне Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев, «Самұрық-Қазына» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Нұрлан Жақыпов, Қытайдың Алматыдағы бас консулы Цзян Вэй, Sany Renewable Energy Co., Ltd төрағасы Чжоу Фугуи және басқа да қонақтар қатысып, сөз сөйледі. «Қазақстанда баламалы энергия көзіне басымдық беріліп жатыр. Оның үстіне, Жамбыл облысы жел энергиясын өндіруге өте қолайлы аймақ. Сондықтан жұмысымыз сәтті болатынына сенімдімін. Алдағы уақытта мамандарымыз осындағы қызметкерлермен тәжірибе алмасып, технологиясын үйретеді. Sany R.E. – жел генераторларын шығаратын әлемдегі ірі компаниялардың бірі. Осы айдағы нарықтық капитализациясы 5,3 млрд долларға жетті. Кәсіпорын Қытайдың «Зияткерлік өндіріс саласындағы эталондық кәсіпорын» ретінде танылған», – деп атап өтті SANY Renewable Energy директорлар кеңесінің төрағасы Чжоу Фугуи.

Sany Renewable Energy компаниясының Қазақстандағы жел электр жабдыктарын шығаратын базасы Қазақстанның Жамбыл облысы Шу қаласындағы «Жібек жолы» арнайы экономикалық аймағында орналасқан. Базалық парк бірінші болып «жасыл ғимараттар», жасыл технология, жасыл материалдар, жасыл жабдыктар және көміртекті бейтарап зауыттар» деген ұғымды жобалық негіз ретінде қабылдап, «жасыл, қауіпсіз, экологиялық таза және энергияны үнемдеп, өндіріс шығынын азайтып, пайданы арттыруға» қол жеткізеді.

Инвестициялық жобаны Sany Renewable Energy компаниясы мен отандық «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС бірлесіп жүзеге асыруда. Жалпы жоба құны 53,6 млрд теңгені құрайды. Зауыт 2025 жылдың соңына дейін қолданысқа беріледі деп күтілуде. 300-ге жуық жаңа жұмыс орны құрылып, мамандардың біліктілігін арттыруға басымдық беріледі. Жылына 2 ГВт жел электр стансасына қажетті құрал-жабдыктар құрастырылады. Кәсіпорын өнімдері ішкі нарықты ғана емес, экспорттық әлеуетті де қамтамасыз етеді.

Еске салайық, Жамбыл облысы жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамыту бойынша көш бастап тұр. Өнірде жалпы қуаты 571,3 МВт-ты құрайтын 22 ЖЭК нысаны, оның ішінде 6 су электр стансасы (24,4 МВт), 10 жел электр станциясы (275,6 МВт), 6 күн электр стансасы (251,25 МВт) бар. 2024 жылдың 10 айында 588,4 млн кВт/сағ электр қуаты өндірілді. Алдағы жылдары шетелдік әлеуетті компаниялармен бірлесіп, Мойынқұм, Талас, Сарысу аудандарында ірі жел электр стансасын салу көзделіп отыр.



7 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Гонконгта Дүниежүзілік таэквондо федерациясы (World Taekwondo) таэквондодан 2024 жылдың үздіктерін марапаттау рәсімін өткізді. Жылдың «Ең үздік бапкері» болып Тунис ұлттық құрамасының бас бапкері, қазақстандық маман Есбол Сұлтанов атанды.

Айта кетейік, Есбол Сұлтанов баптайтын Тунис құрамасының таэквондошысы Мохамед Халиль Жендуби Париж Олимпиадасында чемпион атанса, 58 келі салмақта сынға түскен спортшысы қола жүлдені қанағат тұтқан еді. Сондай-ақ Есбол Сұлтанов жаттықтыратын Тунис елінің 4 таэквондошысы Париж Олимпиадасында жолдама алған. Біз бапкермен алдағы жоспары, бапкерлік қызметі жайлы әңгімелестік.

**Есбол СҰЛТАНОВ,**  
бапкер:



құрылымды ұсынады. Мұндай ұсыныстарды қабылдау тек материалдық жағдайға байланысты емес, кәсіби дамуға мүмкіндік іздеуден де туындайды. Шетелде бапкер ретінде жұмыс істеу халықаралық тәжірибе жинауға, жана әдістемелерді меңгеруге және өзінді кәсіби тұрғыдан сынауға тамаша мүмкіндік береді.

Екіншіден, Қазақстанда спорт саласындағы бапкерлер үшін барлық жағдай жасалды деп айта алмаймын. Әсіресе, аймақтарда инфрақұрылым мен ресурстардың жетіспеушілігі жиі кездеседі. Кейбір спорт түрлері үшін қажетті заманауи жабдықтар мен залдардың болмауы бапкердің мүмкіндігін шектейді. Мысалға, таэквондоның өзін алып қарайтын болсақ, бұл жерде біраз жүйелі қателіктер бар. Талантты спортшының аяғын шалу, түсініксіз жүйенің бұрыс жастары көп спортшының сағын сындырады. Ал бұл болашақта таланттарымыздың өніп шығуына кері әсерін тигізеді. Сондай-ақ спортшылар мен бапкерлердің еңбегі кейде жеткілікті дәрежеде бағаланбайды деп ойлаймын.

**– Тунистегі бапкерлік қызметіңізге бір ғана жыл болыпты. Қысқа уақыт ішінде жетістікке қол жеткізу... Оның сыры неде?**

– Тунис құрамасымен жұмыс істеу барысында біз көптеген тарихи нәтижеге қол жеткіздік. Әсіресе, 2024 жылы Парижде өткен

Наурыз айында Африка ойындарына қатысып, Тунис құрамасы 6 алтын және 1 күміс медаль иеленіп, жалпыкомандалық есепте бірінші орынды жеңіп алды. Бұл көрсеткіш те Тунистің спорт тарихындағы ең жоғары нәтиже ретінде тіркелді.

Таэквондодан бүкіләлемдік Гран-при турнирінде де Тунис құрамасы табысты өнер көрсетті. Бұл жарыста 2 алтын медальға қол жеткіздік, нәтижесінде командалық есепте тағы да 1-орынды иелендік. Бұл жетістіктер Тунис спортындағы таэквондоның деңгейін жана биіктерге көтерді.

**– Әлемнің үздік жаттықтырушысы атану сізге қандай сезім сыйлады?**

– Әлемнің үздік жаттықтырушысы атану – мен үшін үлкен мәртебе және ерекше жауапкершілік. Бұл атақ тек менің емес, бүкіл командалық, спортшыларымның және маған сенім артқан адамдардың ортақ еңбегінің нәтижесі деп білемін.

Бұл марапат менің бапкер ретіндегі еңбегімнің бағаланғанын, сондай-ақ Қазақстанның бапкерлік мектебінің халықаралық деңгейде мойындалғанын көрсетеді. Қазақстан тарихында осы жүлдені Мырзағали Айтжанов ағамыз алған екен. Сол кісінің жолын қуып, міне, біз де осындай марапатқа ие болып жатырмыз. Бұл атақ маған тек жеке басымның жеңісі емес екенін ұғындырды. Бұл – барлық бапкерге, спортшыға және жас талантқа үлгі болатын нәтиже. Сондай-ақ мен бұл жетістікті тек Қазақстан емес, бүкіл әлемдегі спортты дамытуға қосқан аз да болса үлесім деп білемін. Енді маған осы деңгейде қалу ғана емес, оны одан әрі арттыру міндеті тұр.

**– Болашақта таэквондодан Қазақстан құрамасының бас бапкері болуға ұсыныс түссе, қабыл ала ма еліңіз?**

– Өз елінің спортшыларына қызмет ету – әр бапкер үшін үлкен арман мен мақтанш.

Бапкер ретінде арманым орындалды деп толық айта аламын. Осы уақыт аралығында бірнеше жетістікке жеттік. Ендігі арманым – қазақ балаларын чемпион қылу. Әлемдік аренада Қазақстанның атын шығарып, Туын жетпес. Шетелде жинаған тәжірибем мен жетістіктерім Қазақстанның таэквондо спортына өз үлесін қосар еді деп ойлаймын. Бізде талантты спортшы өте көп, бірақ олардың әлеуетін толық ашу үшін жүйелі жұмыс пен әлемдік деңгейдегі дайындық қажет.

Әрине, мұндай ұсыныс тек жеке амбиция емес, Қазақстан таэквондо қауымдастығы мен федерациясының маған деген сенімінің белгісі болар еді. Егер мен осы міндетті атқара алатын болсам, онда бұл ұсынысты қабылдауға дайынмын. Бұл – менің ел алдындағы борышым деп санаймын.

**– Елімізде сіздің шәкірттеріңіз бар ма? Қай спортшыларға үміт артасыз?**

– Иә, елімізде менің шәкірттерім бар және олардың әрқайсысы мен үшін ерекше. Қазақстанда таэквондо спорты жылдан-жылға дамып келеді, жас спортшыларымыздың әлеуеті өте жоғары.

Үміт артатын спортшылар туралы айтсам, бізде жас буын өкілдері арасында жарқырай көрінген таланттар бар. Мысалы, жастар арасындағы Қазақстан чемпиондары мен халықаралық турнирлердің жүлдегерлері. Олардың атын ерекше атап өткім келмейді, себебі әрбір спортшы өзіндік ерекше қасиеттерімен көзге түседі. Маңыздысы – оларды қолдау, бағыттау және үлкен аренаға шығуға жағдай жасау.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан Әсет ҚАЛИ

# Арманым – ҚАЗАҚ БАЛАСЫН ЧЕМПИОН ҚЫЛУ

**– Бапкерлік жолыңыз қалай басталды?**

– Бапкерлік жолымды 2008 жылдары Алматы қаласында «Шаңырақ» спорт-интернатында бастадым. Сол кезде алғаш таэквондо үйірмесі ашылып, жаттықтырушы керек болып соған орналастым. Спортшы ретінде мансабымды аяқтап, көп жыл ұлттық құрамада болғанмын. Жаттықтырушы ретінде 16 жыл еңбек етіппін. Негізгі бағытым 3 жерде болды. Олардың бірі – жоғары айтқан «Шаңырақ» спорт-интернаты, екіншісі кадеттер арасында ұлттық құрамада және соңғысы Алматы қаласының аға бапкері қызметінде жұмыс атқардым.

«Шаңырақ» спорт-интернатындағы жылдарыма келсек, ол жерде жетістіктеріміз біршама болды. Ересектер ұлттық құрамасына 40-тан аса резерв дайындап беріппіз.

12-17 жас аралығындағы кадеттер мен жасөспірімдер арасынан жыл сайын 5 Қазақстан чемпионын және юниорлар арасынан тағы 5 чемпионды дайындадық. Одан бөлек, Азия, Әлем жүлдегерлерін дайындадық. Кадеттердегі жастардың да жетістіктерін мақтаншыпен айтып жүреміз.

2014 жылдан бастап 2020-2021 жылға дейін Алматы құрамасының аға бапкері болып жұмыс істедім. Осы 7-8 жылда Алматы қаласы ересектер арасынан Қазақстан чемпионаттарында, кубоктарында үнемі бірінші орындарды иеленіп жүрді. Елімізде жыл сайын өтетін Конфедерация кубогы турнирінде Алматы құрамасы таэквондодан 4 рет қатысып, оның үшеуінде жеңімпаз атанды. Бұл жетістіктер Алматының таэквондо мектебінің деңгейін жоғары сатыға көтерді.

**– Осынаша жетістігіңіз бола тұра, неліктен сізді ұлттық құраманың бас бапкері болуға шақырмады? Тунис құрамасына кетуге не себеп болды? Ол жақта жаттықтырушы болуға не итермеледі?**

– Бапкерлік қызметімде кадеттерді жаттықтырған жылдар мен үшін маңызды кезеңдердің бірі болды. Өзімнің де тәжірибемді арттыру мақсатында осында көп жыл жұмыс істедім. Былайша айтқанда, сырттан басқа келісімшарттарды қарауға уақытым болмады. Осы жылдар арасында ұлттық құрама корейлік бапкерді әкелген болатын. 8 жылдай жаттықтырып, олимпиададан жетістік болмаған соң ол бапкер қызметтен кетті. Федерацияның бапкер таңдауда өз көзқарасы, өз ұстанымдары

бар. Сол себепті де шақырып-шақырмауы маған байланысты емес деп ойлаймын.

Токио Олимпиадасына дайындық жұмыстары Алматы қаласында өткен болатын. Сол кезде Тунис жаттықтырушыларымен танысып, жақсы байланыста болғанбыз. Кейін Бакуде әлем чемпионаты өтті. Сол кезде Тунис құрамасы өкінішке қарай нашар өнер көрсетіп, медальсыз қайтқан еді. Жарыстан кейін құрама халықаралық деңгейде бапкер іздеуге кіріскен екен. Әр елдің бапкерлерінен түйіндеме алдыртты. Басқалармен бірге мен де өз түйіндемеді жібердім. Сөйтіп, 2023 жылдың қыркүйек айында маған ұсыныс түсті. Өзімді халықаралық деңгейде сынап көру, шеберлігімді арттыру мақсатында ұсынысты қабылдадым. Сол айда Туниске жол тартып, құраманың жігіттерін қолға алып, 1 жылда орасан зор жетістіктерге қол жеткіздік. Әрине, бастапқы



уақыттарда басқа елдің бапкері деп көп сынға алды. Бірақ бірер айдың шамасында үлкен турнирлерде топ жарып, өз орнымды дәлелдеп, сақтап қалдым десем де болады.

**– Жалпы, еліміздегі бапкерлердің шетелдерге кетуі, сол жақта қызмет атқаруының себебі неде деп ойлайсыз? Әлде, Қазақстанда бапкерлерге жағдай жасалмаған ба?**

– Қазақстандағы бапкерлердің шетелге кетуі әртүрлі себепке байланысты деп ойлаймын. Біріншіден, шетелден ұсыныстар түскен кезде, олар көбінесе жақсы қаржылық жағдай мен жұмыс істеуге ыңғайлы инфра-

құрылымды ұсынады. Мұндай ұсыныстарды қабылдау тек материалдық жағдайға байланысты емес, кәсіби дамуға мүмкіндік іздеуден де туындайды. Шетелде бапкер ретінде жұмыс істеу халықаралық тәжірибе жинауға, жана әдістемелерді меңгеруге және өзінді кәсіби тұрғыдан сынауға тамаша мүмкіндік береді.

Екіншіден, Қазақстанда спорт саласындағы бапкерлер үшін барлық жағдай жасалды деп айта алмаймын. Әсіресе, аймақтарда инфрақұрылым мен ресурстардың жетіспеушілігі жиі кездеседі. Кейбір спорт түрлері үшін қажетті заманауи жабдықтар мен залдардың болмауы бапкердің мүмкіндігін шектейді. Мысалға, таэквондоның өзін алып қарайтын болсақ, бұл жерде біраз жүйелі қателіктер бар. Талантты спортшының аяғын шалу, түсініксіз жүйенің бұрыс жастары көп спортшының сағын сындырады. Ал бұл болашақта таланттарымыздың өніп шығуына кері әсерін тигізеді. Сондай-ақ спортшылар мен бапкерлердің еңбегі кейде жеткілікті дәрежеде бағаланбайды деп ойлаймын.



**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛТЫНСАЙҒЫЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Сағхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiskaalt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4531**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,